
«ТҰРАН-АСТАНА»
УНИВЕРСИТЕТІ

ТАСМАҒАМБЕТОВА А.Р.

КЕСКІНДЕМЕ

ОҚУ ҚҰРАЛЫ



Нұр-Сұлтан, 2019

«Тұран-Астана» университеті

А.Р. ТАСМАҒАМБЕТОВА

КЕСКІНДЕМЕ

Нұр-Сұлтан, 2019

ББК 79
УДК 719
Т 25

Рецензенттер:
Сәкен Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, сәулет және дизайн кафедрасының профессоры, Қазақстан Республикасы Суретшілер одағының мүшесі, Ресей Федерациясы Суретшілер Одағының мүшесі - Аманжолов С.А.
Тұран-Астана университетінің аға оқытушысы, ҚР Академиясының академигі, Қазақстан суретшілер одағының мүшесі Мусапір Ж.К.

Тасмағамбетова А.Р.
Т 25 Кескіндеме: Оқу құралы / Тасмағамбетова А.Р. –Нұр-Сұлтан.: «Тұран-Астана» университеті, 2019.-100б.

ISBN 978-601-78-71-86-4

Оқу құралы ОБ 6В02101- «Дизайн /5В042100 - «Дизайн»мамандықтарының теориялық және практикалық курстарын ұсынады. Оқулықта Кескіндеме теориялық және практикалық дайындық, сондай-ақ кәсіби дизайн саласындағы негізгі әдістемелік санаттар қарастырылған.

«Кескіндеме» атты оқулықтың мақсаты - оқушылардың өздерінің таңдаған қызмет салаларында табысты жұмыс істеуге мүмкіндік беретін, жоғары білім беру саласындағы студенттердің еңбек нарығында әлеуметтік ұтқырлық пен тұрақтылыққа ықпал ететін негізгі және кәсіби құзыреттілікке ие болу, сондай-ақ өзін-өзі зерттеуге және үздіксіз кәсіби өзін-өзі жетілдіруге дайындық.

Оқулық университет студенттеріне арналған және жұмыс біліктіліктері мамандарды даярлау үшін пайдаланылуы мүмкін.

Баспаға «Тұран-Астана» университетінің Ғылыми-әдістемелік кеңесі ұсынған. (26.09.2019 жылғы № 2 хаттама).

ISBN 978-601-78-71-86-4

© Тасмағамбетова А.Р., 2019

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ....4
I ТАРАУ. КЕСКІНДЕМЕ ЖАНРЛАРЫ, ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ....5
1.1 Кескіндеме түрлері....5
1.2 Суреттің кескіндемедегі атқаратын ролі....7
1.3 Гризайль....8
1.4 Натюрморт. Натюрмортты бейнелеу әдістемесі....9
1.5 Кескіндемегі жазу әдістері....12
1.6 Алля прима —француз техникасы....15
1.7 Түс және жарық көленке....19
1.8 Палитра....23
1.9 Бейнені нысанадан қарап отырып жасау....25
1.10 «Толық» палитра....27
1.11 Кескіндеме техникасында адам бейнесін жазуды меңгеру....29
1.12 Кескіндемегі жазу әдістері....32
I ТАРАУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ....36
II ТАРАУ КОЛОРИСТИКА ЖӘНЕ ТҮСТІК СИМВОЛИКАСЫ....38
2.1 Түстік символиканың тарихи кезеңдері....38
2.2 Ахроматикалық композициялар....42
2.3 Түс және түстердің үйлесімдік....43
2.4 Түстің дизайндағы қызметі....47
2.5 Дизайнның түрлі салаларында түстің қолданылуы....60
2. 6Түстік кеңістік моделі....63
2.7 Түсті қабылдау....66
2.8 Бір мезгілді контраст түстері....70
2.9 Түс қанықтығы....73
2.10 Түстің сипаттық-әсерлік мәнінің мәселелері....74
2.11 Табиғи түстер....79
III ТАРАУ КЕСКІНДЕМЕ ТЕХНИКАСЫНДА КЕЛБЕТ (ПОРТРЕТ) ЖАЗУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ....84
3.1 Портрет түрлері....84
3.2 Пейзаждағы адам тұлғасының этюдтары....86
3.3 Әйел портреті. 450 х 600 мм. Гуашь....87
3.4 Композициялық құрылымдағы бастың этюды....88
3.5 Адамның басын жазудағы қысқа мерзімді этюд....90
ТӘЖІРИБЕНІ ЖОҒАРЛАТУ ҮШІН ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАЙТЫН ТАПСЫРМАЛАР....92
III ТАРАУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ....95
ТҮСІНІКТЕМЕ СӨЗДІК....97
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ....99

КІРІСПЕ

Кескіндемені оқып үйрену аса маңызды роль атқарады. Бұл оқулық суретшілерге және дизайнерге қажетті эстетикалық сезім, ойды көркем бейнелеу, кеңістікте және жазықтықта ойлау тәрізді қасиеттерге баулиды. Студенттер жазық бетті дұрыс пайдалануды, схемалық сурет, көмекші нөкте мен сызықтық пайдалануы заттың формасына конструктивті -кеңістікке анализ беруді, салыстыра білу әдісі методикасы, жалпылау әдісі және жалпылап аяқтауды үйренеді.

Пәннің қысқаша мазмұны:

Бұл оқулықта «Кескіндеме» пәні бойынша бейнелеу, жобалау материалдары мен әдіс-тәсілдерін, студенттерде образды ойлау машығын дамыту мәселелері қамтылған. Кез келген форма қалай пайда болатынын түсіну үшін, көлемдік-кеңістіктік, суретшілік қабілетін дамытып отыруға және жұмыстың дұрыс бір ізділігін меңгеруге тиіс. Көрме экспозицияларынан және қазіргі жобалық графика түрлерімен танысып, өзіңіздің көркем деңгейіңізді көтеру. Оқулық теориялық және тәжірибелік сабақтан құрылған. Және одан да басқа, өз бетіңше орындалатын студенттердің өзіндік жұмыстары да бар.

Кескіндеме оқулықтардың өзіндік жұмысының шығармашылық есебі ретінде қорытынды жоба орындауға болады. Тапсырмаларды тұрақты орындайтын болсаңыз, жоспарланған оқу материалдарын толық көлемінде игересіз.

Студенттердің өзбетінше жұмысы– студенттің студиялық пәндерге өзбетінше дайындалу мақсатындағы ұсынылған әдебиеттермен кітапханалардағы әдебиеттермен жұмыс жасай білу және үй тапсырмаларын сауатты жоғары дәрежеде әр түрлі тәсілмен орындалу мақсатында беріледі.

Студиялық жұмыстар арнайы жарықталынған қажетті құралдармен жабдықталған зертханаларда натурадан қарап оқытушының басшылығымен жүргізіледі. Натюрмортты орындауға қажетті құралдар: тақтайша 45х55, қағаз, ватман, қаламдар, өшіргіш, акварель бояуы, қылқаламдар, өлшемдері 2,3,7.

Кескіндеме оқулықтың бейнелеу өнерінен болашақ мамандарға қажетті тәжірибелік білім береді. Кескіндеменің негізгі заңдылықтарын, реңдік, түстік қатынастар заңдылықтарын және оларды анықтау әдісін игеруге ерекше көңіл бөлінеді. Кескіндеменің бастапқы курсы теориялық білім мен сұрақтар бойынша жаттығулар арқылы тәжірибелік білімін қалыптастырудан тұрады.

I ТАРАУ КЕСКІНДЕМЕ ЖАНРЛАРЫ, ЗАҢДЫЛЫҚТАРЫ ЖӘНЕ ӘДІСТЕРІ

1.1 Кескіндеме түрлері

Кескіндемеде негізгі заңдылықтарын, реңдік, түстік қатынастар заңдылықтарын және оларды анықтау әдісін игеруге ерекше көңіл бөлінеді. Кескіндемедың бастапқы курсы теориялық білім мен төменгі сурақтар бойынша жаттығулар арқылы (навыкын) қалыптастырудан тұрады.

Кескіндеме дегеніміз – әр түрлі бояу түрлерімен жазықтық бетінде орындалатын көркем шығарма.

Кескіндемедың орысша атауы живопись – «живо писать» деген сөзінен құрылған, яғни көріністер мен нәрселерді өмірдің өзіндігідей жанды етіп жазу деген мағынаны білдіреді.

Кескіндеме – бейнелеу өнерінің аса дамыған түрі болып табылады.

Кескіндеме суреттері қағазға, картонға, тақтайға, кенепке, т.б. салынады. Негізінен қолданылатын бояу түрлері: акварель, гуашь, темпера, акрил, майлы бояу, пастель, сангина және т.б.

Кескіндеме станокты және монументтік деп екіге бөлінеді. Арнаулы мольбертте орындалған сурет «станоктық Кескіндеме» деп аталады. Ал, үйлердің, ғимарат-тардың ішкі немесе сыртқы қабырғаларына салынған сурет «монументтік Кескіндеме» деп аталады.

Монументтік Кескіндемеда зертас пен фреска қолданылады.

Декорациялық кескіндеме дегеніміз – театр сахнасын безендіруде қолданылатын бейнелеу өнерінің түрі.

Суретші Ә.Жүсіпов «Менің Отанымның әйелдері» атты шығармасында тұлғалардың түстік құрылымын декорациялық кемеліне келтіріп бейнеленген. Ол декорациялық монументі туынды болып табылады.

Монументтік бейнелеу өнері туындылары әр түрлі болып келеді: витраж, мозайка, панно, фреска.

Мозайка – смальта мен асыл шынының түрлі-түсті тақырыпты таңдап алады. Біреулері портрет жазғандаы ұнатады, екіншілері пейзажды, үшіншілері тарихи, соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сипатталуы оның жанрларға бөлінуі деп аталады. «Жанр» - француз сөзі, «түр» немесе «тек» деген мағынаны білдіреді. Кескіндеме мынадай жанрларға бөлінеді: натюрморт, пейзаж, портрет, тақырыптық картина. Айтатын жайт, соңғы жанр көбінесе «жарлық картиналар» делінеді.

Натюрморт – француз сөзі, дәл мағынасы «өлі табиғат» деген ұғымды білдіреді. Натюрморт алғаш рет 17 ғасырдың басында Голландияда пайда болды. Натюрморт өнердің дербес жанры ретінде 18 ғасырда Батыста кеңінен дамыды. Әр ғасыр натюрморт шеберлерінің өзіндік қолтаңбасы бар. Натюрморт Ж-Б.С Шарден, П.Сезанн, М.Сарьян, А.Матисс, И.Машков, К.Коровин, А.Герасимов, т.б. көркем шығармаларында көрініс тапқан. Қазіргі Қазақстан суретшілерінің көркем шығармаларында да натюрморт жанрын жиі кездестіруге болады. Атап

айтқанда, Ә.Кастеев, Қ.Тележанов, А.Ғалымбаева, Г.Ысмаилова, Т.Тоғысбаев, С.Айтбаев, Ш.Сариев, М.Нұрлыбаева, т.б. еңбектерінен айқын байқай аламыз.
Пейзаж – француз сөзі, бұл ландшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде Қытайда, Жапонияда және басқа шығыс елдерінде, сондай-ақ Еуропада дамыған.
Пейзаж қайсібір жерлерді жай ғана айнытпай бейнелей салу емес, онда суретші-нің сынықтарын құрастарылған сурет. Русьте мозаика өнерін дамытуда В.Ломоносов смальтаның 112 реңін тапты.
Витраж – терезеге салынатын шытыра сурет. Ол француздың «терезе, әйнек» деген магынадағы сөзінен шыққан.
Панно – үйдің ішкі және сыртқы қабырғаның безендіру үшін қолданылатын көлемді Кескіндемелық сурет.
Фреска - әктелген сыз қабырғаға суға езілген бояумен салынатын сурет. Кескіндеме шығармаларында қолданылатын майлы бояу негізінен (XX) 10 гасырда пайда болды. Оны кеңінен пайдалану ағалы-інілі нидерланд суретшілері Ван Эйктердің атымен тығыз байланысты.
Олар майлы бояулардың жаңғақ майы мен зығыр майына жақсы еритінін анықтайды.
Миниатюра – ең алғаш шығыстың парсы, иран елдерінде жақсы дамыды. Ағашқа, металға, сүйектерге бояулармен салынған кішігірім суреттер миниатюра деп аталады. Әсем бояулардың жарасымды суретке жан бітіруі көздің жауын алады.
Миниатюра майлы бояу, акварель, гуашь бояуларымен орындалады, өте ұқыптылықты, еңбек сүгіштікті қажет етеді.
Кескіндеме - бейнелеу өнерінің ең негізгі түрлерінің бірі. Кескіндемеда өң мен түс, жарық пен көлеңке және сызық пен дақ жетекші орын алады.
Кескіндеме – бейнелеу өнерінің негұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы – қиырсыз осы саласына өздері сүйген сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Адам өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрінеді.

Үй тапсырмасы:

Көркемдік материалдар: Қағаз (формат А-4), Акварель бояулары, қылқаламдар
Орындалу техникасы: Гризайль техникасы

Тақырып: Акварель бояуларымен жұмыс жасау. Бір түсті акварель бояуымен жұмыс жасау(Гризайль).
А2 фор. қағазы,
Мақсаты: "Натюрморт "түсінігімен танысу. Натюрмортың түрлерімен танысу. Су бояу әдісінде натюрморт – акварель, гуашь – түспен форманы беру әдісі. Осы жұмыспен қатар – аналитикалық этюдтар мен натураға қарап композиция орындау.
Практикалық қолдау: Эстетикалық тәрбиемен жеке адамның даму сезіміне мүмкіндік туғызады.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Кіріспе дәріс. Кескіндеме материалдары мен жұмыс жасау тәсілдері су бояулармен жұмыс жасау әдістерін үйрену.

Жұмыстың мақсаты: Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбені жоғарылату. "Гризайль" практикада қабылдау техникалары.

Тапсырма :

1. Бір түсті гамма бояумен жұмыс істеп үйрену
2. Эскизді орындау (А-4).
3. Планшетқа орналастыру.
4. Түстерді анықтау.
5. Аймақтардың реңін анықтау.
6. Түстермен жұмыс жасау.
7. Жұмыстарды аяқтау.

1.2 Суреттің кескіндемедегі атқаратын ролі.

Суретті жалпылау, заттарды жиектеу алғашқы кезеңде орындалмайды. Жиектерді біріктіру суретті аяқтау кезеңі болып көрінуі мүмкін. Негізгі міндет, пішінді — оның бөліктерін анық айқындау болып табылады.

Суреттің түстік міндеттерін шешу барысында өңінің жарық көлеңкедегі түрлілігін беруде, контур сызығының жарық көлеңкес жиектеліп сызылмайды, ондай жағдайда айқындығын жоғалтады.

Жұмыс жасау барысындағы әр бейнелеу кезеңінде негізгі принципті есте сақтау керек.

Жалпыдан жекеге өту.

Бейнелеу барысында тек сол кезде ғана бейнеленіп жатқан затты ғана емес, барлық затты әрқашан көз тасасында ұстау керек. Көлемді бейнелеу, жарық көлеңкені және перспективті қысқаруды берумен байланысты. Суретті жарық пен көлеңке қатынасын бейнелей отырып, көлем мен пішіннің ерекшеліктерін берген жөн.

Жарық көзінің түсуіне байланысты, заттың кейбір бөліктері анық айқындалып, қалғандары әлсізденіп, көлеңкеге сіңіп жатады.

Зат, әлсіз, қатты жарықта әртүрлі қабылданады.

Жарық және көлеңке дақтары, заттық пішініне қарай орналасады.

Дөңгелек бөліктерде өтпелі кезең жарықтан көлеңкеге бірте-бірте, білінбей, жартылай көлеңке арқылы өтеді.

Жарық көзінің шығылысуының нәтижесінде жақын орналасқан заттардан құлаған, заттың қараңғы бөлігіндеашық дақ пайда болады. Бұл орындағы зат басқа да түс өңін игеруі мүмкін. Ол, рефлекс. Зат жарықтығының деңгей және жарықтан көлеңкеге бірден өтуі, жарық көзімен заттың арақашықтығына байланысты.

Заттар жарық сәулесін жұтуы және онымен шағылысуы мүмкін. Жамтыр емес заттың беті жарықты бойына көп сіңіреді, ал жылтыр айна беті жарық көзімен түгелдей шағылысып, жылт пайда болады.
Жарық деген ұғымға — заттың ең жарық бөлігі, жылт — жарық жақтағы ең ашық дақ, көлеңке — ең қараңғы бөлік.
Жартылай көлеңке — жарықтан көлеңкеге өтетін жер. Құлама көлеңке — Заттан екінші бір бетке, оның орналаскан жағына түскен көлеңке.
Рефлекс - Қоршаған заттар мен жарық. көзі және түстердің ықпалынан пайда болған, заттың көлеңке бөлігіндегі өңдер.

Түс бейнелеу өнерінде, заттардың материалдылық қасиетін шағылыстырушы, қоршаған әлемнің алуандылығын оның түстік үндестілігімен жеткізетін негізгі айқындаушы құрал.
Түстер ахроматикалық. хроматиклық. болып екіге бөлінеді.
Ақ, қара, сары түстер ахроматикалықтүстерге жатады, ал қалған (түрлі-түсті боялған) түстер хроматикалық түстерге жатады.
Хроматикалық түстерді адам үш мінездемесі арқылы ажыратады,
1-түстік реңі арқылы.
2.қанықтылығына қарай.
3. жәдрықтығына қарай.
Хроматикалық түстер сонымен қатар жылы-суық болып 2-ге бөлінеді.
Жылы түстерге — сары, күлгін, қызыл түстер жатады, яғни күн сәулесіне, оттың қызуына жақын түстер.
Суық түстерге — суық мүздың, судық, аспанның түсіне жақын. көк, ашық көк, жасыл жатады.
Хроматикалық түстер негізгі және көлденең болып 2-ге бөлінеді.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:
1. "Натюрморт" түсінігі.
2. Натюрмортты белгілеу.
3. Натюрморттың түрлері.
4. Аяқталған натюрмортдың техникалары.
5. Натюрморттың жүйені орындау.
6. Материалдар
7. Натюрморттың ерекше характерлері.

1.3 Гризайль

Гризайль (французша £гіз - сұр)- бейне бір жартылай кескіндеме, жартылай сурет сияқты, біртүсті немесе біртүсті дерлік, «сұр» кескіндеме. Біртүсті бояманы да, қылқаламмен салынған біртүсті акварель суреттерді де, тіпті қайсы бір біртүсті станоктық шығарманы да гризайль деп атауға болады. Бірақ өдетте гризайль деп скульптураға ұқсас өзгеше кескіндемені айтады. Тамаша гризайль көркем суреттерін (қабырғаға салынған сурет) классицизм дәуіріндегі көптеген ғимараттардың интерьерлерінде кездестіруге болады. «Скульптура етіп салынған» гризайльдердің негізіне бейнеленіп отырған көлемдік формаларды жарық пен

көлеңкелік модельдеу жатады, ол сол үйдің сол жерінде орналасқан шынайы скульптураға жарықтың нақтылы бар көздерінен (терезеден, люстрадан) түсетін жарыққа сәйкес келеді.

Гризайльде түс, жартылай өң мен көлеңкелер неғұрлым дөлірек берілген сайын, соғұрлым шынайы скульптураның жалған өсері күштірек болады, оның үстіне, гризайль әдетте — фриз немесе үй төбесін сәндеу сияқты — көрерменнен алыс қашықтықта орналасады. Алайда суретшілер әдетте толық жалған әсер тудыруға да ұмтыла бермейді. Жақсы жасалған гризайль, скульптураға ұқсай отырып, сонымен бір мезгілде шын мәнінде мұның өзі қалай болғанда да скульптура емес, живопись, өшекейлі көркем сурет екенін естен шығаруға мүмкіндік бермейді.

Үй тапсырмасы:

«Гризайл» әдісінде натюрморт.

Мақсаты: «Гризайл» әдісінде натюрморт салуды үйрену.

Практикалық қолдау: Эстетикалық әдісті көркемдік дайындық ретінде пайдаланады.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Акварель бояуларымен жеміс, алма, алмұрттардың бейнелерін бейнелеу (натюрморт)

А3 қағазы, қарындаш, өшіргіш, 24 түсті акварель бояуы.

Мақсат: «Академиялық кескіндеме» курсымен танысу. Негізгі түсініктер. Қанықты, контрасты суық түсті заттармен шүберектерден құралған натюрморт. Лессирлеу әдісі.

қысқаша мазмұны:

1. Кекіндеме көркем сурет өнерінің негізгі түрлерінің бірі. Бояудан смальттың көмегімен жасалады. Дизайнерлерді дайындау үшін кескіндеме басты пән болып табылады. Кекіндемені оқу тек ғана теориялық білім бермейді. Және практикалық тәжирибеге үйретеді.
2. Кекіндеме монументальдық, декоративтік, станкілік болып 3 – ке бөлінеді. Станкілік кескіндеме май бояу, су бояу, темпера , гуашь басқалар керек. Монументальдық мозайка, фреска.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Гризайль дегеніміз не
2. Гризайльдегі модельдеу деген түсінік
3. Гризайлде неше түс пайдаланады

1.4 Натюрморт. Натюрмортты бейнелеу әдістемесі.

Натюрмортты бейнелеу бірнеше кезеңдерден тұрады. Алдымен натюрмортты қағаз бетіне орналастырады, оны композициялық орналастыру дейміз. Ол үшін бір жұмыс қағазына бірнеше кішкентай көлемде нобайлар

жасаймыз. Бұл жерде біз жарық пен көлеңкелер барлықт заттарда қалай бөлінгенін, қай жерлерінде өте жарық, қай жерлері қатты көлеңкелерін табамыз. Қайсі бір заттар алдыңғы планда, қайсысы артқы тереңдікте, қайсы затқа жарық көбірек түскенін, көлеңкесінің өте қою түскен жерлерін анықтап аламыз. Содан соң негізгі қағазға натюрмортты орналастырамыз. Кескіндемеда суретпен жарық, көлеңкенің күшін көрсетпейді. Суретпен көмекші ретінде тек бейненің шекараларын көрсетеді.

1-кезең: Сонымен натюрмортты бейнелеуде карындашпен әлсіз, қатты баспай құрылысын саламыз, пропорцияларын белгілейміз, конструкциялық құрылымын түргызамыз. Жарық пен көлеңке шектерін белгілейміз. Суретін карындашпен салған кездегі көмекші сызықтарды өшіреміз. Қағаздың сурет салынған бетін ылғалдаймыз.

2-кезең: Акварель бояуларымен негізгі заттардың көлемдерін жалпылама жағып шығамыз. Натюрморттың артқы фонының түсін анықтай отырып негізгі түстік қатынастарды анықтаймыз. Түстерді политрада бояуларды араластырып, тексеріп отырып табамыз. Түстерді араластырып отырып қажеттісін үлкен дақтармен жағамыз. Әрбір түсті бір бірімен салыстырамыз.Түстерді ең жарық жағынан бастайды. Содан соң көлеңкелерді көрсетеді, біртіндеп өте көлеңке жерлерді көрсетеміз. Қажетті жерлерінде біртіндеп жарықтан көлеңкеге жәймен өтеді. Бұл жерлерде акварель әдістерінің қажеттісін дұрыс пайдалану қажет. Кейбір жерінде түсін қайталап күшейту қажет болады. Сонымен біртіндеп түстердің қатынасын акварель жұмысында натураға жақындатамыз. Түстерді жаға отырып көлеңке түсін, рефлексті және жарық жағындағы жылтты көрсетеміз.

3-кезең. Негізгі түстік шешімдерді таба отырып, заттардың көлемін бөлшектеуге көшеміз. Көлемді аумағы үлкен дақтармен жарық жерлердің түсін анықтаймыз, рефлекс пен жартылай және негізгі көлеңкелерді анықтаймыз. Мүмкіндігінше қанықтылығы басым жағын өте жарық етіп жібермеу қажет. Сол үшін ол жерлерді ақ қағазбен салыстырып отырған жөн. Заттың көлемін көрсету үшін жарық түсіп тұрған жердің жарықтығы мен түс қанықтылығын жарықта және көлеңкеде салыстыру қажет. Кеңістіктің Кескіндемелы шешімі түстің перспективалық өзгеруімен көрсетіледі. Алдыңғы жақта орналасқан заттар анығырақ көрінеді, ол заттардың бөлшектері түстердің көлемін көрсеткенде бір біріне ауысуы анық көрінеді. Неғұрлым көруші нысанадан алыстаған сайын заттардың түс анықтылығы, қанықтылығы көлеңке мен жарықтың қарама-қайшылыға бәсеңдейді.Натюрмортты бейнелеу барысында заттардың түстерін бір бірімен салыстырып отыру қажет. Артқы планда тұрған заттар алдыға қарай шығып тұрса, олардың түс қанықтылығын, жиек анықтылығын бәсеңдету қажет. Натюрмортта кеңістік терңділігін көрсетуде фонның атқаратын рөлі үлкен. Фон түсін заттардың түстерімен салыстырып жарық, көлеңке күштерінің айырмашылығын тауып отыру қажет. Натюрморттағы заттардың материалдылылығын, түстік және тондық айырмашылықтарын таба отырып, қажетті жерде дұрыс бағытта бояу түстерімен салу (мазок) әдістемесін дұрыс бағытта пайдалана білу қажет. Натюрмортты аяқтау кезінде жеке түстерді жалпыға жымдастыру қажет.

Сонымен қойылымдағы түс бірлестігі шешіміне келуге болады. Соңға дақтарды анық және мөлдір етіп берген дұрыс. Натюрмортты орындаған кезде натураны дұрыс көрген жақсы: барлық жерін тұтас көре білу, түстік шешімін табу кезде және бөлшектеп жазған кездегі ұстамын сақтаған дұрыс: «жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге».Мұндай ұстама Кескіндемеда заттардың өзара түстік, тондық, жарықтық және түстік қанықтылығы байланысын және көлемін кеңістікте бейнеленуіне жетуге болады.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1."Натюрморт" түсінігі.
2. Натюрмортты белгілеу.
3. Натюрморттың түрлері.
4. Аяқталған натюрмортдың техникалары.
5. Натюрморттың жүйені орындау.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Түс және жарық көлеңке.

Геометриялық денелерден тұратын натюрмортты гризайль жолымен орындау.

Жұмыстың мақсаты: Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбені жоғарылату. "Гризайль" практикада қабылдау техникалары.

Тапсырма :

1. Бір түсті гамма бояумен жұмыс істеп үйрену
2. Эскизді орындау (А-4).
3. Планшетқа орналастыру.
4. Түстерді анықтау.

Әдістемелік нұсқаулар

Архитектуралық гризайль әдетте күні бұрын дайындалған бірнеше колерлермен (бірнеше бояуды қосып жасалған бояу) жасалады, олардың әркайсысы белгілі бір жарық градациясына: жарыққа, жартылай оңге, меншікті көлеңкеге, түспе көлеңкеге, рефлекске сәйкес келеді. Алынған колерлердің санына ұқсатылып отырған материал, бейнеленетін формалардың күрделілігі мен талдап жасалғандығы, архитектуралық композициядағы «барельефтің» маңызы және оған қандай қашықтықтан қарайтындығы сияқты факторлар да әсер етеді. Ордайым колерлерді мейлінше аз мөлшерде алуға ұмтылу керек.

Көркемдік материалдар: Қағаз (формат А-4), Акварель бояулары, қылқаламдар.

Орындалу техникасы: Гризайль техникасы

Үй тапсырмасы: Түстік қатар. Ылғалды әдіспен күздің бұлтты кезін бейнелеу. А2 фор. қағазы,
Акварель бояулары, қарындаш, өшіргіш, су Көршілес түстес (родственные цвета). Өндік қанықтылығы жағынан жақын заттардан құралған натюрморт. «Аль-прима» әдісі.

Мақсат: Түстер мен танысу. Палитра және оның мүмкіндіктері.
Қысқаша мазмұны:
Түстің кескіндеме бейнелеу өнерінде ролы үлкен. Түс еңбектерге ерекше рең береді. Әртүрлі түстер туралы, айтқанда "Жылы және суық" сөздері қолданылады.
Спектор түсті шеңбер - әртүрлі түстен құралған түсті шеңберлер:
Жылы: Қызыл, сарығылт, сары, тоқ сары.
Суық: Көк, көгілдір, (фиолетовый).
Түс таңдау: Түс туралы ғылым.

1.5 Кескіндемегі жазу әдістері

1. Лессировка әдісі — бояудың мөлдір, тазалығын сақтай отырып, бір қабат бояуды, екінші бояу қабатымен бастыра отырып, үшінші бір жаңа реңді тауып, қағаз бетіндегі бояу кепкен соң, құрғақтай жазу.
А-ля прима әдісі - дымқыл күйде жазу. Бір қабат бояу түстерін, қағаз беті кеппей жатып, екінші бір бояу қабатымен араластыра отырып қатар жазу.
Берілген реңнен басқаға көшу немесе бір түстен басқа түске ауысу бояуды жуу арқылы орындалады немесе бір түсті екіншісіне араластыру керек.
Суреттің жоғаргы шетін жуу (размывания) барысында анықталған тұспен жол жүргізіледі, сосын кистті жуып және бояулы түспен жазылған жолдар таза сумен төменгі жиегі жуылады да, қажері кеңістік боялмайынша қайталанбайды. Бұл тәсілмен ауыр реңнен ашық реңге бірте-бірте ауысуға болады. Бояудың бірнеше қабаты кеппей түрып, олардың араласуы жүзеге асуы керек, сонда екі бояудың шеті араласады.
Акварель — Кескіндеме техникасының бір түрі, сулы боя Кескіндемеы. Акварель бояулары мөлдірлігімен ерекшеленеді, оны негізінен жуып тастауға болады. Акварель бояуы ерітіндісін ақ қағазға өте жұқа қабатпен жағады. Акварельмен жұмыс жасағанда, боя кепкеннен кейін қанықтылығының 1/3 есе кемитіндігін есте сақтау керек. Жұмыс жасау барысында бояу түстерін қойылымнан қанық етіп алған жөн. Акварель бояуы 3-5 аралыгнда кебеді. Түс кепкеннен кейін өзгермейді, сөйтіп Кескіндеме жұмысын жеңілдетеді. Акварельмен жұмыс жасау тәсілдері әртүрлі.
Солардың төртеуін қарастырайық.
Лессировка — бір түс қабатын екінші бір түс қабатымен жазу әдісі.
Лессировка акварель түстерінің мөлдірлігіне негізделген, бір қабат бояу түсін екінші бояу қабатымен көмкере отырып, түсін өзгертеді.

Ол үшін бірінші бояу қабаты жақсы кебуі керек. Лессировка бірнеше мақсатпен орындалуы мүмкін, жазықтықтың бәрін, контур сызығына дейін бояумен қажетті қанықтылықта жазып, жазуды барлық кеңістік емес, қажетті әсер алатын жерлерді ғана қайталап жазу керек. Лессировка арқылы жоғарғы қабатқа жақын үшінші бір түсті алуға болады.

Мысалы. Егер сары түсті қызылмен жапсақ жаңа қызғылт сары түс шығады, егер қызыл түсті сарымен жапсақ сарғыш қызыл (оранжевый) түс аламыз.

2.Қандайда бір түстің қанықтылығын төмендету үшін. Лессировкаға қосымша басқа бір түс қосады. Егер лессировкаға қанықтылығы аз қосымша бояу ерітіндісін қоссақ, түс ахроматизациясы біртіндеп болады, толығымен емес. Мысалы, қызыл сары түстің көк түспен қанықтылығы, керісінше сары түсті ахроматизирлеу үшін, лессировканы фиолетовый түспен жүргізеді.

3.Қандай да бір түстің қанықтылығын төмендету үшін лессировканы оған қосымша түспен қолданады. Егер лессировкаға қанықтылығы аз қосымша бояу ерітіндісін қоссақ, түс ахроматизациясы толығымен емес, біртіндеп болады.

Мысалы, қызыл сары түстің көк түспен қанықтылығын немесе керісінше сары түсті архоматизациялау үшін лессировканы фиолетовый түспен жүргізеді. Түстің бұлыңғырлануы бір түсті екінші түстің үстіне бірнеше рет жағудан пайда болады. Өте қанық бояу ерітіндісін 3 реттен артық араластыруға болмайды.

4.Акварельді Кескіндеме спецификасына, - дымқыл күйіндегі техника жатады. Бұл әдіс бояу қабатын қағазға жайып сіңіру үшін қолданылады. Бояуды қағаз бетіне жақпас бұрын, қағаз бетін сулап, дымқылдатып, сіңіртеді. Қағаз қатты кеуіп кетпеу керек. Жұмыс жасау барысындақағаздың дымқылдығын бақылап отырады. Сондықтан уақыт өту аралығында, қағаздың екінші бетінен сулап отырады. Егер қағаздың екінші бетін салу сулау мүмкіндігі болмаса, қағаз бетін жылдам кеппей жатып жазу керек. Дымқыл жазу техникасында күтпеген кейбір түстер эффектісі бір түсті екінші түстің үстіне құю арқылы орындалады. Түстерді бір-біріне құю қағаз бетіне сіңбей тұрып орындалады. Ағу арқылы бояу зат фактурасының қажетті шешімдерін береді — түктілігін үлпілдектілігін матаның өрнегін және т.б. Бұл тәсілді заттың материалдылық фактурасының оның суретін беру үшін сонымен қатар киімді модельдеу эскиздерін шешуде қолданады. (1 сурет)

Акварель техникасында қызықты Кескіндемелы шешімдерді кебу күйде жазу тәсілімен алуға болады. Бұл жағдайда кебу кистіні қолданады. Кистіге шамалы ғана қою бояу ерітіндісін алып заттың пішінінің бағытына қарай орналастырамыз. Мұндай тәсілдерді жұмыстың соңына қарай немесе этюдтерді орындауда қолданады. Пайда болған бояу қабатының астынан ақ қағаз күйде немесе бұрын жағылған түстер байқалым тұрады. Бұл түстер фактурасын шешу жұмысын байытады. Акварельді Кескіндемеда түстің

жаңалығын (свежый) беру үшін а-ля прима — тәсілін қолданады. Палитрада бояуларды араластыру арқылы алынған түс қойылымның түсімен толығымен үйлесуі керек. Мұндай жұмыс тәсілінің дәрежесі жұмыстың реңдік және түстік шешімдерін бірте-бірте емес бірден шешумен аяқталады. Егер жұмыс процесінде мұндай Кескіндеме тәсілінде түстің жарықтығын қанықтылығын артыру немесе келтіру қажет болса үйлесімді түстер көмегімен лессировканы қолданады.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Кескіндемедегі түстер.

Қарама-қарсы түстерден құрылған натюрмортты бейнелеу.

Жұмыстың мақсаты :Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірибені жетілдіру.

Нұсқаны шынайы түрғыда орындау.

Тапсырма :

Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттың ерекшеліктерін Қарама – қарсы айшықтап көрсету.

1.Эскизді орындау (А-2).

2.Планшетке орналастыру.

3.Түстерді анықтау.

4.Аймақтардың реңін анықтау.

5.Түстермен жұмыс жасау.

6.Жұмысты аяқтау.


Әдістемелік нұсқаулар

Жарықтан басқа, түстерді қабылдауға қашықтық, ауа қабаты әсер етеді. Бұл жөнінде ауа перспективасы туралы тарауда айтылды. Заттардың біз қабылдайтын түстері шағылысқан сәулелермен — заттар бір-біріне жіберетін рефлекстермен де анықталады. Бәрін де тесіп өтіп, қоршап алғандай болатын күшті де әлсіз, үлкен де кіші рефлекстердің осынау айқұш-ұйқыш айқасқан ағымдары ерекше түстік ортаны, әлдебір жалпы түстік қатарды жасайды. Картинаның барлық бояулың үйлесімдері бірыңғай, тұтас, жарасымды реттілікке және өмірлік шынайылыққа ұмтылған кезде, оның мұндай жалпы түстік кейпін живописьте **колорит** деп атайды. Профессионал живописьтің басты белгілерінің бірі — жылы және суық реңктердің бірлігі мен күресі. Белгілі бір заттың жарық түсіп тұрған және көлеңкеленген бөліктері жарықтанумен ғана емес, сонымен бірге жылы немесе суық түстік реңктермен де міндетті түрде ерекшеленеді: егер жарық жылы болса, онда көлеңке суық, ал егер жарық суық болса, керісінше, онда көлеңке жылы реңкті болады. Бірақ осы жалпы түстік дақтарда оларға қарама-қарсы реңктер: жылыда — суық реңктер, суықта — жылы реңктер кей-кейде қылаң береді. Әрбір жағылған бояу

корші бояуға ұқсамайтын, оған контрасты болуы тиіс. Жылы және суық түстердің қатарлас тұруы живопиське интенсивті әуен береді.

Көркемдік материалдар: Қағаз (формат А-4), Акварель бояулары, қылқаламдар.
Орындалу техникасы: Лиссировка техникасы

1 сурет. Натюрморт



1.6 Алля прима —француз техникасы

Алля прима — тәсілі жұмыс жасауда жоғарғы тәжірибелік навык пен көңіл бөлуді талап етеді. Мазоктар әртүрлі орналасуы мүмкін. Зат пішіні мен үйлесімді бір-біріне паралелді жатуы бірінен соң - екіншісінің қиылысуы — анық айқындалған түстер реңімен жеке үлкен емес геометриялық жазықтықтарды құрайды. Жақын ара-қашықтағы әр түрлі бояудың жеке мазоқтары бір күрделі түсті құрайды.
Кескіндемелы акварельдің нәтижесін айқындаушы барлық техника әдістері бір ғана жұмыста үйлесуі мүмкін. Таза акварельде жылттың ролін ақ, қағаз беті атқарады. Бұл әсіресе жылт орындарына өте бережное қатынасты талап етеді. Егер жылт орны сақталмаған жағдайда түстерді ақырын ұқыпты түрде жуып тастайды. Түс табиғаттың тамаша құбылысы. Ол заттар жайындағы ерекше информацияны бере алмағанмен адам сезімімен ойының қобалжуын туғызатын ерекшелігі бар. Қызыл түс қозытатындығы мен жасыл түстің адамдарды басатындығы және қара түс әбіржітіп сары түстің көңіл күйді көтерстіндігі бұрынан белгілі. Түстің адам техникасына әсер етуімен әр ғасырда түрлі оқымыстылар оқып зерттеген. Сонымен қатар

немістің ұлы ақыны ойшыл И.В.Гете — жарық. пен эмоцияны бір тізбектің үніне жатады деп есептеген. Сонымен қатар түстердің адам организіміне (физиологиялық) және оның ішкі дүниесіне (психологиялық) әсер ететінін айыра білді. Көк түс көңіл күйді түнжыратқан жағдайда қызыл сары түс көңілдендіріп энергияны қозытатындығын атап көрсетті.
Психалық процеске түстердің әсер ету жылдамдығын орыстың атақты невропотологы В.М.Бехтерев зертеген. Спектрдің жылы жағындағы сәулелер (қызыл-сары) іс-әрекетті тірілтеді сары түс психикаға аса әсер ете қоймайды жасыл — психикалық. процесті баяулатады ал фиолетовый түс оны тоқтатады.
Зертеу негіздерінен В.М.Бехтерев мынадай тұжырымға келеді.
Психикалық жағдай қозыған кезде ашық көк түстер тоқтататын ықпал етеді. Күлгін қызыл түс психикалық жағдай төмендегенде көңіл күйді көтеріп ынталандырады. Негізгі ролді қызыл түс атқарады. Қызыл түстің қозытатын қасиетін әсерін психологтар адамның тарихи тәжірибесіне (опыт) байланыстырады. Қызыл түс қызып тұрған темірдің қанның түсін береді. Түстің адамға әсер етуімен көптеген елдің оқымыстылары айналысуда.
Адам заттың түсін қабылдай отырып оның басқада қасиеттерін көз алдына елестете алады. Зат жеңіл ыстық тығыз дөңгелек үлкен т.б. болуы мүмкін. Зат түсі мен қасиетінің байланысы көрерменнің анықтаушы ассоцияциясын туғызады. Сары түсті күнмен көкті — су және алыс көк жиек пен жасылды — орман мен жайлау қызылды қан мен отқа теңейді. Кейде қанды отты қызыл - деп атайды.
Адамдар қазіргі кезге дейін әр түске мінездеме беріп келеді.
Мысалға. Европада ақ түсті — тазалықтың қуаныштың белгісі ретінде қабылдаған ал сары түсті көңілдің әлсіз қуанышының белгісі ал көк түсті - қою көлеңке қаталдық әбіржу ретінде ал қара түсті қайғы кәрілік белгісіздік ретінде қызыл түсті — сезімталдық жастықтың адамгершіліктің символикасы ретінде ұғынады.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Алдыңғы планды артқы планнан қалай ажыратуға болады?
2. Ауалық ортаға байланысты заттардың түстері қалай өзгереді?
3. Кескіндемеда суреттің алатын орны қандай?
4. Перспективаның атқаратын ролі қандай?
5. Көкжиек сызығы дегеніміз не?
6. Тұтас көру дегеніміз не?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: «Алля-прима» әдісінде натюрморт.
Мақсат: Көркемдік материалдар мен танысу, «Ала-прима» әдісінде натюрморт.
қысқаша мазмұны:
Қағаз – Басты және бірден материалдар.
Өңдеу тәсілдері : Ыстық ныгыздау,

Суық ығыздау.
Құрамы: Мақта (кенеп).
Жабыстыратын материалдар.
Желатин.
Салмағы: 1 кв. метрге 1 гр. Бояу.
Қағаздың салмағы сортына байланысты бүктеуіне түзетілуіне қарай анықтайды.

Қағаз типы:
1) Сатин, 2) Жұмсақ, 3) Орташа жұмсақ, 4) Қалын , 5) Ватман, 6) Шеллер, 7) Фабриано, 8) Гуарро, 9) Фонтене, 10) Арш, 11) Жапондық.

Әдістемелік нұсқаулар

Натюрмортты түрлі-түсті фонда бейнелеу.

а)ең жақсы түстік үйлесімдер — түстік шеңбер бойында үлкен аралық қашықтықта болады;

б) неғұрлым интенсивті түстерді интенсивтілігі аз түстермен үйлестірген кезде неғұрлым интенсивті түсті аз мөлшерде (дақтың аумағы бойынша) алу керек;

в) хроматикалық түсті ахроматикалың түспен үйлестіруге болады: жылы түстерді — қара-сұр түстермен, суық түстерді — ашық-сұр түстермен үйлестірген жақсы.

Алайда түстік гармониялардың заңдары салыстырмалы екенін ұмытпау керек. Оларды қолдану көптеген нақты жағдайларға қарай түзетіліп отырады, сондықтан оларды барлық жағдайлар үшін біржола белгіленген деп есептеуге болмайды. Бояулармен жұмыс істеген кезде түстердің кеңістік қатынастары деп аталатын тағы бір қызықты құбылысты ескерген жөн. Кейбір түстер басқа түстермен қатар тұрғанда бізге алға шығыңқы немесе артқа таман тұрған сияқты болып көрінетіні анықталды. Негізінен жылы, ашық және қанық түстер алға шығыңқы, ал суық, күңгірт және қанық емес түстер артқа таман тұрған сияқты болып қабылданады.

Айта кету керек, әрбір нақты жағдайда дақтың сипаты мен көлемі, контур және басқа жағдайлар роль атқарады.(2 сурет)

Электр жарығы (қызу лампасы) құрамында табиғи жарықпен салыстырғанда сары-қызғылт сары сәулелер едәуір көп болады, мұның өзі біздің түстерді қабылдауымызға елеулі әсер етеді. Мұндай жарық кезінде барлық түстер қызғылт сары реңкке ие болады: қызыл түсер етеді. Мұндай жарық кезінде барлық түстер қызғылт сары реңкке ие болады: қызыл түстер бұрынғыдан да қызғылт сары және бояуы қанық бола түседі, ал суық түстер — күлгін және көгілдір түстер — қанықтылығын жоғалтып, сұрғылттанады, күңгірттенеді. Сары түстер ашықтана түсіп, неғұрлым бозғылт болып көрінеді. Осының салдарынан электр жарығы кезінде шамалау емес, түстік жағдайды оны нақты жағдайларда біз қабылдағанымыздай етіп көре білу керек. Біз қиярдың жасыл, помидордың қызыл, ал қардың ақ екенін тәжірибеден білеміз, картинада оларды осындай бояулармен бояй аламыз

ба? Бұл сұраққа «иә» деп те, «жоқ» деп те жауап беруге болар еді. Жасыл киярды іс жүзінде сұрғылт немесе көк дерлік, немесе тіпті қызыл дерлік (мысалы, батып бара жатқан күн сәулесінде) болып шығуы мүмкін. Егер картинада қарды бір ғана ақ бояумен» боясақ, қар сияқты әсер қалдырмай, жәй ақ дақ болып шығады.Мұның бұлай болатын себебі, ақ қарда мыңдаған — қызғылт, алтын түстес, көгілдір және күлгін реңктер болады. де керек емес. Суретшіге қолына қылқалам ұстап затқа жақын келіп, таңдап алынған түсті, ол дәлме-дәл сәйкес келуі үшін затпен салыстырып жатудың қажеті жоқ. Картинада, басқа түстердің қоршауында заттың өзіне сәйкес келетін, дұрыс та дәлме-дәл түс ретінде нанымды қабылданатындай түсті тауып, іріктеп алу қажет. Сөйтіп, суретші заттардың түсін емес, олардың түстік өзара байланысын зерттейді. Ол қайсыбір заттардың бізге белгілі табиғи түсіне онша сәйкес келмейтін, біршама басқаша сияқты болып көрінетін бояуларды пайдалануы мүмкін. Бірақ ол осы бояуларды картинаның ішіндегі барлық түстік дақтар заттың өзіндегідей бір-бірімен арақатынаста болатындай етіп алады. Картинада натурада бізге солай болып көрінетіндегіге қарағанда бәрі біршама күңгірттеу немесе суықтау болуы ғажап емес, бәрібір картина шынайы болып шығады, өйткені онда түстік қатынастар дұрыс сақталған.

2 сурет. Контраст түстері



Нақ осы түстік қатынастарды дұрыс алу реалистік живописьтің негізінде жатады.Біздің түстерді қабылдауымызға, әдемі «сабақтас» түстің пайда

болуына жарық, қашықтық (ауа қабаты) және түстік орта, яғни түрліше боялған заттардың қатар тұруы шешуші ықпал жасайды. Мәселен, өте күшті жарық жағдайында, мысалға, жазғы ашық тал түсте, жарық түскен жерлерде түстер өзінің қанықтылығын жоғалтады — ағарып, түссізденеді. Бұлтты күндері немесе көлеңкеде, керісінше, түстер өзінің қанықтылығына ие болады да біздің көзіміз түстік алмасулар мен реңктерді әлдеқайда көбірек қабылдайды. Кейде жаңа айналыса бастаған живописшілер мұны түсінбейді де керісінше жасайды — күшті жарықта тұрғанды ең ашық бояулармен салады, ал көлеңкелердегіні күңгірттеу үшін қара бояуды пайдаланады. «Живописьтің... бүкіл құпиясы,— дейді Б. Иогансон,— көлеңкелер мен жартылай көлеңкелерде (жартылай өң-түстерде).

Үй тапсырмасы:
Тақырыптық натюрморт (мысалы «Жыл мезгілдері»)
Мақсаты: " Натюрморт "түсінігімен танысу. Натюрмортың түрлерімен, Натюрморт Жанр мастерін жүргізу.

1.7 Түс және жарық көлеңке

Әр заттың өзіне тән табиғи түсі бар.
Лимон — сары сәбіз - қызыл сары қияр — жасыл т.б. Мүндай айқын анықтаушы түсті өз түсі (локальный) деп атаймыз.
Кескіндемеда зат түсін дәл өз түсі ретінде емес дер кезіндегі белгілі бір ортадағы түсіне қарай қабылдайды. Бұл қойылымды салу барысында кейбір қыйыншылықтарды туғызады. Ол көлеңкеде ғана қараңғы емес сонымен қатар өзінің түстік ортасын өзгертеді. Жарықтың кейпін көрерменнен алыстату деңгейін заттардың бояуын қойылымды қоршаған ортаны т.б.
Қойылымды бейнелеу барысында түсті анықтау үшін ортаның жағдайына байланысты өзгеруін білу керек. Заттың дәл өз (локальный) түсінің өзгеруіне жарық көзінің өзгерісі және күші әсёр етеді. Қатты жарық түскен жағдайда заттың өз түсі ашық түске айналады қанықғылығы төмендейді ал жарықтығы күшейеді. Әлсіз жарықта барлық заттар ауырлайды және қанықтылығы төмендейді. Сонымен қатар жарық күшін бейнелеудің жалпы реңдік қалпы анықталады. Күн сәулесі түскен жағдайда заттың жарық әрі көлеңке жағындағы жарықтық, айырмашылығы күшейеді. Бұлыңғыр немесе кешқұрым кезде барлық зат әлсіз жарықтанады. Заттың дәл өз (локальный) түсін қабылдау барысында жарық көзі әсер етеді, Бұл жарықтың спектрлі құралымен байланысты. Таңертең барлық түстер көк ақшл көк болып көрінеді. Ал кешқұрым күн батарда түстер қызыл сары жәй қызыл өңде болады. Электр лампосының жарығынан да түстер өзгеріп отырады. Қызыл түс ашық және қанық болып қызыл сары түс қызылданып ашық түске айналады. Ал ашық сары түс ақ түс болып ашық көк — жасылданып ауырланып көк түс - қара ал фиолетовый қызылданып және ауырланып көрінеді.

Әр түрлі жарық көзіне байланысты зат түсі көлеңкеде өзгереді. Заттың көлеңке бөлігіне жарықтың тіке сәулелері емес басқа зат жазықтарының шағылысу сәулелері түсетіндіктен бұл түс бұрынғы спектрлі құрамын сақтап қалмайды. Заттың жарық бөлігін жартылай және нағыз көлеңке мен салыстыра отырып олардың жарықтық жағынан ғана емес жарық реңінен де айырмашылығын байқауға болады Мұндай түстердің өзгерістері — заттың көлеңкі жағына құлаған түстің спектрл құрамының өзгерісін түсіндіреді. Кешкі мезгіл көк немесе суық түстерімен ал күн сәулесі түскен жерлер жылы туспен бейнеленеді.

Заттың көлеңке және жарық, жақтағы түсі жарық көзінің түсіне байланысты.

Бұлыңғыр немесе кешкі мезгілде заттың жарық және көлеңке жақтары күн сәулесі түскендей қабылдана алмайды. Заттың жарық жақтағы ез түсі суық болып ал көлеңке жағы түсі жылы болады. Рефлекстің жарықтағы мен түсі өзін қоршаған ортаға байланысты.

Бұл орта түс және жарық жағынан әртүрлі болады. Көп түсті немесе белгілі бір аймақтағы түстер саны ашық немесе қараңғы болуы мүмкін. Мұның бәрі ақ затта немесе жылтыр заттарда айқын білінеді.Егер бірі ары екіншісі ақ заттарды қатар қойып фонның түсін өзгертсе зат рефлекстерінің өзгеруін байқауға болады.

Мысалға. Ақ зат рефлекс көк фоннан — көк ал сарыдан — жасыл егер осы заттарды қызыл фонға қойсак - ақ затта рефлекс - қызыл ал сарыда - қызыл сары түс береді.

Біз барлық заттарға бүтіндей қараймыз оның пішінін материалдылығын аңғармаймыз. Заттың үсті тегіс немесе бұдыр болуы мүмкін.

Мысалға. Керамикалық ваза — жылтыр себебі ол тегіс. Оған тік түскен жарықтан жылт пайда болады. Түкті мата бархат велюр, т.б. үсті бұдыр (матовый) тегіс емес. Оған түскен жарық бір жерге ғана тоқтамай әр түрлі бағытта жайылып кетеді. Сондықтанда жылтырамайды. Шәйі матада грампластикада- жылт көп кездеседі. Әр маталардың өзінің жылт рефлекс арқылы өтпелі түстері болады.

Мысалға. Зат түсі суық болса яғни ақ фарфорда гипістің түсіне қарағанда жылт та суық болады. Ал рефлес қоршаған заттарға байланысты суық және жылы болып қанықтылығы азаяды. Түрлі-түсті металды заттарда жылт сол металдың түсін рефлекс түсі қоршаған түстермен ол да солметалдың түсін береді.

Атласты мата қыртыстарында жылт ақшыл ал рефлекстер матаның қанық ез түсінде болады. Ал бархаттағы жылтың орналасуы атласқа ұқсас болады да рефлекс болмайды. Заттың өз түсі жарыққа байланысты ғана емес сонымен қатар заттың көрерменнен алыстауынан да өзгереді. Әртүрлі кеңістіктегі орналасуды план бойынша орналасу деп-атайды. План арқылы зат орнының алыс – жақындығы анықталады

Мысалы. Керерменге әртүрлі арақашықтықта орналасқан жасыл жапырақты ағаштар түсі әр алуан болып көрінеді. Ағаш алыс орналасқан сайын

жасылдана түседі. Бұл түс майда бөлшетермен толтырылған қоршаған ауа ортасының мөлдір еместігінен езгереді.
Түстің өзгеруі көрермен мен заттың ара-қашықтығына байланысты. Егер ауа-кабаты жұқа болса заттың түсі аз өзгереді. Зат алыс орналасса сол мезгілде оның түсінде сүр немесе ашық көктің шағылысу өңі пайда болады.
Қараңғы түсті заттар алыстаған жағдайда түсі әртүрлі болып өзгереді.
Қараңғы заттар ауада көктеніп ашықтанады ал ашық түстегі заттар тек қоюланып қана қоймай ақшыл сарғыштанып күн сәулесі түсіп тұрса қызғылтанады. Ауа ақшыл-көк қызғылт сары сәулені таратады. Көрерменнен заттар алыстағанда заттардың ашық қараңғы қарама-қайшы орындары бірте-бірте жазылады (тарайды) түстерінің бір-бірінен айырмашылығы азаяды.
Зат алыс орналасқан сайын түстерінің жарықтығы көлемінің және шешінің сызбасы анық бейнеленеді. Алдынғы пландағы заттардың айырмашылығын бірден көрсете отырып екінші планды сәл анықтау етіп ал артқы пландағы заттарды бұлыңғырлау тегіс етіп көрсете отыра жазықтықтың тереңдігін беруге болады. Біздің көзіміз түсті жарықты көлемді кеңістікті материалдылықты заттардың мұндай құбылысынсыз бейнелеуді шын етіп қабылдай алмаймыз. Жазықтықта кеңістіктің ерекшеліктерін беру пейзажды бейнелеуде анық білінеді.
Кеңістік пен жарықтың белгілі бір шартын бейнелеуде жазық фондағы натюрморт немесе портрет-болсын бұл заңдылықтарды қандайда бір Кескіндемелы шығармаларды орындау барысында міндетті түрде сақтау керек. Бір мезгілде бірнеше затты дұрыс бейнелеу үшін зат пішінінің жарық көлеңке және жарық көзінің өтуін коре білу жеткіліксіз. Бақылау кезінде барлық заттар түсі бір-бірімен шағылысып тұрса шындықпен үйлеседі. Қойылымдағы заттардың түстік және реңдік қатынасы натураны бейнелеу кезінде сақталуы керек.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Натюрморт салғанда кезеңдік салуды қалай пайдаланады?
2. Түстік қатынас деген не? Колорит деген не?
3. Натюрморт салуда жекеден жалпыға көшу деген не?
4. Натюрморт сала отырып біз не үйренеміз?
5. Жазудың қандай түрлері белгілі?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Кескіндемедағы түстер.
Қарама-қарсы түстерден құрылған натюрмортты бейнелеу.

Жұмыстың мақсаты :Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірибені жетілдіру.
Нұсқаны шынайы тұрғыда орындау.
Тапсырма :

Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттың ерекшеліктерін Қарама – қарсы айшықтап көрсету.
1.Эскизді орындау (А-2).
2.Планшетке орналастыру.
3.Түстерді анықтау.
4.Аймақтардың реңін анықтау.
5.Түстермен жұмыс жасау.
6.Жұмысты аяқтау.

Әдістемелік нұсқаулар

Жарықтан басқа, түстерді қабылдауға қашықтық, ауа қабаты әсер етеді. Бұл жөнінде ауа перспективасы туралы тарауда айтылды. Заттардың біз қабылдайтын түстері шағылысқан сәулелермен — заттар бір-біріне жіберетін рефлекстермен де анықталады. Бәрін де тесіп өтіп, қоршап алғандай болатын күшті де әлсіз, үлкен де кіші рефлекстердің осынау айқүш-үйқыш айқасқан ағымдары ерекше түстік ортаны, әлдебір жалпы түстік қатарды жасайды. Картинаның барлық бояулың үйлесімдері бірыңғай, тұтас, жарасымды реттілікке және өмірлік шынайылыққа ұмтылған кезде, оның мұндай жалпы түстік кейпін живописьте **колорит** деп атайды.

Көркемдік материалдар: Қағаз (формат А-4), Акварель бояулары, қылқаламдар. Орындалу техникасы: Лиссировка техникасы

Үй тапсырмасы:
Жылы түстік нормадағы натюрморт.
Мақсат: «Академиялық кескіндеме» курсымен танысу. Негізгі түсініктер
Жылы түстік номнада натюрморт.
жоспары:
1. Кекіндеме. Негізгі мақсаттар.
2. Кекіндеменің түрі.
қысқаша мазмұны:
1. Кекіндеме көркем сурет өнерінің негізгі түрлерінің бірі. Бояудан смальттың көмегімен жасалады. Дизайнерлерді дайындау үшін кескіндеме басты пән болып табылады. Кекіндемені оқу тек ғана теориялық білім бермейді. Және практикалық тәжирибеге үйретеді.
2. Кекіндеме монументальдық, декоративтік, станкілік болып 3 – ке бөлінеді. Станкілік кескіндеме май бояу, су бояу, темпера , гуашь басқалар керек. Монументальдық мозайка, фреска.

Тәжірибелік жұмыс
Тақырыбы: Кескіндемедағы түстер.
Қарама-қарсы түстерден құрылған натюрмортты бейнелеу

Жұмыстың мақсаты :Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірибені жетілдіру. Нұсқаны "Пуантилизм" техникасында орындау.

Тапсырма :

Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттың ерекшеліктерін Қарама – қарсы айшықтап көрсету.

1. Эскизді орындау (А-2).
2. Планшетке орналастыру.
3. Түстерді анықтау.
4. Аймақтардың реңін анықтау.
5. Түстермен жұмыс жасау.
6. Жұмысты аяқтау.

1.8 Палитра

«Палитра» сөзінің екі түрлі мағынасы бар: біріншісі — суретші бояуларды салып, араластыратын тақта және екіншісі — қайсыбір суретші жұмыста пайдаланатын бояулардың белгілі бір жиынтығы. Бұл жерде палитра туралы сөз нақ осы екінші мағынасында айтылады. Бояу палитрасын пайдалана білу және одан мүмкін нәрсені көбірек алу әрдайым живописьшінің асқан шеберлігінің белгісі болып келді және солай болып қала береді. Бұған үйрену үшін, бояулардың мүмкіндіктерін терең зерттеу қажет. Ал оларды қалай зерттеу керек? Кейбір тәжірибелі педагогтар бояулардың санын күрт шектеуді ең жақсы жол деп есептейді. Егер палитрада олар тым көп болса, онда бәрі жеңіл де оңай сияқты болып көрінеді, олардың әрқайсысына тәжірибе жасап жатудың қажеті болмайды. Демек, өзіне әрбір бояуды жан-жақты сынақтан өткізу, зерттеу қажеттіліктен туатындай жағдай жасау керек. Мұндай әдіс палитрадағы әрбір бояудың мүмкіндіктерін терең білуге алып келеді. (3 сурет)

Осыған байланысты живописьпен айналысуды бар-жоғы төрт бояудан: ақ бояудан, ашық охрадан, күйдірілген охрадан және күйдірілген сүйектен тұратын палитрадан бастау ұсынылады. Сөйтіп, табиғаттың бүкіл сан алуан түстерін, пейзаж немесе натюрморт болсын, тек осы бояулардың көмегімен беру керек. Бұл оңай шаруа емес, ойткені бұл бояулар жиынтығында ашық сары да, көк те, қызыл да бояу жоқ. Бұлай жұмыс істеу қиын болады, көп нәрсені ойластырып, байқап коруге тура келеді. Бірақ осы төрт бояудан-ақ жеткілікті дәрежеде бай бояу үндестігін алуға болатыны біртіндеп айқындала түседі. Осындай төрт бояулы палитрадан ең азы 10—15 этюд салыңдар.



3 сурет. Этюд

Мұнан кейін жаңа екі бояу — көк жасыл және краплак қосылады. Бұл енді айтарлықтай кең көлемді палитра — онда енді жасыл да, қызыл да, көк те бояулар бар, ашық-сары бояу ғана жоқ. Тағы да 10—15 этюд жасаңдар.

Енді ашық-сары бояуларды да: сары кадмий мен табиғи қалампыр бояуын қосыңдар. Енді палитра 12 бояуды қамтиды. Шын мәнінде бояулардың мұндай жиынтығын толық дерлік палитра деп есептеуге болады. Мұндай палитрадан тағы да 15—20 этюд жасаңдар.

Бояуларда жасырынған мүмкіндіктерді тереңдете зерттеудің осы бір курсына бір жылға жуық уақыт кетеді. Бірақ бұл босқа кеткен уақыт болмайды: кімде ерік-жігер күші мен табандылық жеткілікті болса, бояуларды жақсы біліп шығады.

Үй тапсырмасы:

Контрасты түстерден құралған натюрморт.

Мақсаты: Кескіндеме жанры, техникасы жалпы дизайнерлік практикада қолдану үшін кескіндеме жанры мен танысу. Контрасты түстерден құралған натюрморт.

жоспары:

Жанр. Техника түрлері.
қысқаша мазмұны:
Кескіндеме бірнеше жанрларға бөлінеді.
Натюрморт – заттарды сызу.
Пейзаж – табиғат.
Портрет – адам.
Сюжет – сюжеттік суреттер.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Суреттің кескіндемедегі атқаратын ролі.
Ақ түсті заттардан құралған натюрмортты түрлі-түсті фонда бейнелеу.
Жұмыстың мақсаты :Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірибені жетілдіру.
Пұсқаны шынайы тұрғыда орындау.
Тапсырма :

1. Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттің ерекшеліктерін түрлі-түсті фонда айшықтап көрсету.
2. Эскизді орындау (А-2).
3. Планшетке орналастыру.
4. Түстерді анықтау.
5. Аймақтардың реңін анықтау.
6. Түстермен жұмыс жасау.
7. Жұмыстарды аяқтау.

1.9 Бейнені нысанадан қарап отырып жасау

Натурадан қарап жұмыс жасағанда өзінің жұмыс жасау заңдылықтары мен белгіленген жоспарлары болады. Негізгі бастау кезеңі, ортаңғы кезең, және аяқтау шешуші кезеңі.Бұл кезеңдерде нақты мәселелер шешіледі.

1. Жарықтың түсуіне байланысты негізгі түстік дақтар мен түстердің тондық қатынасы.
2. Негізгі түстер мен түстердің бір-біріне қатынасынан түстердің өзгеруі, жеке заттардың түстері және олардың көлемдері.
3. Жекеден жалпыға өту кезеңінде жеке заттарды бейнелеуде өте қатты контур беруді жұмсарту .
1. Негізгі затты яғни композициялық орталықты көрсете білу,ал оны қоршаған заттарды негізгі орталыққа жымдастыра білу.

Тондық қатынасты көрсете отырып, жұмыстың алдыңғы планы мен артқы планның айырмашылығын көрсете білу, яғни кеңістік перспективасын көрсете білу. Натурадағы ең қараңғы және ең жарық жерді дұрыс көрсете білу. Жұмыс барысында жалпы барлық натураны көз алдында көре отырып жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дұрыс өтіп отыруы керек. Түстік және тондық қатынастарды салыстыра отырып негізгі түстік жарықталыну мен жарықталу күшін айыра білу керек.

Профессионал кескіндеменің басты белгілерінің бірі — жылы және суық реңктердің бірлігі мен күресі. Белгілі бір заттың жарық түсіп тұрған және көлеңкеленген бөліктері жарықтанумен ғана емес, сонымен бірге жылы немесе суық түстік реңктермен де міндетті түрде ерекшеленеді: егер жарық жылы болса, онда көлеңке суық, ал егер жарық суық болса, керісінше, онда көлеңке жылы реңкті болады. Бірақ осы жалпы түстік дақтарда оларға қарама-қарсы реңктер: жылыда — суық реңктер, суықта — жылы реңктер кей-кейде қылаң береді. Әрбір жағылған бояу көрші бояуға ұқсамайтын, оған контрасты болуы тиіс. Жылы және суық түстердің қатарлас түруы живопиське интенсивті әуен береді.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Спектрге нелер жатады?
2. Жарықтың түсі неге байланысты?
3. Табиғатта кездесетін түстер қандай топтарға бөлінеді?
4. Ахроматикалық түстерге қандай түстер жатады?
5. Хроматикалық түстер мен ахроматикалық түстердің айырмашылығы неде?
6. Түстер айналымына қандай түстер кіреді?
7. Жылы түстер қандай қасиеттермен ерекшелінеді?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Натурадан қарап жұмыс жасау.

Құс тұлыбымен тұрмыс заттарынан құрастырылған күрделі натюрморт.

Жұмыстың мақсаты : Теориалық білімді көтеру, практикалық тәжірибені жетілдіру. Пастановкалары декоротивті қабылдау.

Тапсырма : Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттің ерекшеліктерін декоротивті айшықтап көрсету.

1. Эскизді орындау (А-2).
2. Планшетке орналастыру.
3. Түстерді анықтау.
4. Аймақтардың реңін анықтау.
5. Түстермен жұмыс жасау.
6. Жұмысты аяқтау.


1.10 «Толық» палитра

«Толық» палитра деген сөзді қалай түсіну керек? Әрбір суретшіде ол әр түрлі (кейде осы айырмашылық айтарлықтай болады). Бірақ өнердің шедеврлерін (аса көрнекті туындыларын) жасаған, бағзы заман живописінің ұлы шеберлері Рубенс пен Рембрандт салыстырмалы түрде алғанда онша көп емес бояулармен жұмыс істегені белгілі. Оның үстіне ол кезде кейінірек дамыған химиялық ғылым мен өнеркәсіп жасаған кәдімгі заманғы бояулардың көбі жоқ та еді. Ол кезде бояуларды көбіне суретшілердің өздері дайындайтын. Рембрандт кейбір картиналарды жасау кезінде бар-жоғы жеті бояу қолданғанын зерттеулер көрсетіп берді.

Атақты суретшілер көбіне шектеулі палитраны пайдаланған. Мәселен, В. Бакшеевтің көптеген картиналары 13—15 бояумен, А. Рыловтың пейзаждары 12 бояумен салынған. Полотнолары (майлы бояумен салынған сурет) сирек кездесетін түстік байлықпен ерекшеленетін тамаша колорист (бояулардың үйлесімділігін келістіруші) К. Коровин әдетте бір мезгілде 10—15 бояудан көп қолданбаған көрінеді.

Өте ашық бояуларды қолдануға да көп еліге бермеген жөн. Тіпті кешкі аспан қаншалықты қызарып тұрғанымен, кадмийге, кобальтқа және краплакқа ұмтылмай-ақ, аспанның ашық бөліктері үшін күйдірілген сүйек, жасыл топыраң пен өте ашық көк бояудың стамды қоспасын, бұлттар үшін күйдірілген сүйек, күйдірілген охра мен ақ бояу қоспасын ғана алып, сурет салуға болады. Суретші Н. Крымов көне голланд шеберінің картинасын өзіне қалай реставрациялауға тура келгенін былай өңгімелейді: «...Аспан көкпеңбек болып тұрды. Ал мен тесікті көгілдір бояумен бітеуге әрекет жасап көрдім — ойдағыдай болмай, ештеңе шықпай-ақ қойды... Содан мен біртіндеп қарайта бастадым да жасыл бояумен араластырылған умбраға (қара-қоңыр түс — ауд.) дейін жеттім. Қалғанының бәрі голландиялықта қызғылттау, жирендеу және бұлттар да жирендеу болды, ал міне осы фонда қара қоңыр аспан өте көгілдір болып көрінді».*

Бояуларды араластыра отырып, олардың кейбіреуі қоспада тұрақсыз болатынын, соның салдарынан қараятынын немесе, керісінше, түссізденетінін, бояу қабаты бұзылатынын есте ұстаңдар. Неғұрлым берік және тұрақты бояулар табиғи топырақтар — охра, қалампыр бояу, умбра, жасыл топырақтар, сондай-ақ металдардың балқытылған тотықтары — кобальт, хром тотығы, көк жасыл, марстар болып табылады. Сондықтан көптеген суретшілер лимон кадмийі, стронций, берлин көкшіл бояуы, газ күйесі және шам күйесі сияқты бояуларды қолданбауға тырысады. (4сурет)



4сурет. Түстік композиция

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

8. Суық түстердің қасиеті қандай?
9. Қандай түстер қосымша түс деп аталынады?
10. Акварель түстерімен жұмыс жасау ерекшеліктері.
11. Бейнелеу жазықтығында материалдық көлемін және құрылысын дұрыс беру.
12. Акварель Кескіндеме техникасы.
13. Жарық, көлеңке және түстік қатынастармен жұмыс жасау әдісінің заңдылықтары.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Натурадан қарап жұмыс жасау.
Құс тұлымымен тұрмыс заттарынан құрастырылған күрделі натюрморт.

Жұмыстың мақсаты : Теориалық білімді көтеру, практикалық тәжірибені жетілдіру. Пастановкалары декоротивті қабылдау.

Тапсырма : Натюрморттің нақты бейнесін жасап үйрену. Натюрморттің ерекшеліктерін декоротивті айшықтап көрсету.

Бояуларды араластыра отырып, олардың кейбіреуі қоспада тұрақсыз болатынын, соның салдарынан қараятынын немесе, керісінше, түссізденетінін, бояу қабаты бұзылатынын есте ұстаңдар. Неғұрлым берік және тұрақты боялар табиғи топырақтар — охра, қалампыр бояу, умбра, жасыл топырақтар, сондай-ақ металдардың балқытылған тотықтары — кобальт, хром тотығы, кок жасыл, марстар болып табылады. Сондықтан көптеген суретшілер димон кадмийі, стронций, берлин көкшіл бояуы, газ күйесі және шам күйесі сияқты бояуларды қолданбауға тырысады.

Көркемдік материалдар: Қағаз (формат А-4), Акварель бояулары, қылқаламдар. Орындалу техникасы: " Декоротивті " техникада орындау.

Әдістемелік нұсқау:

1. Кекіндеме көркем сурет өнерінің негізгі түрлерінің бірі. Бояудан смальттың көмегімен жасалады. Дизайнерлерді дайындау үшін кескіндеме басты пән болып табылады. Кекіндемені оқу тек ғана теориялық білім бермейді. Және практикалық тәжирибеге үйретеді.
2. Кекіндеме монументальдық, декоративтік, станкілік болып 3 – ке бөлінеді. Станкілік кескіндеме май бояу, су бояу, темпера , гуашь басқалар керек. Монументальдық мозайка, фреска.

Акварель бояуларымен жұмыс жасау. Бір түсті акварель бояуымен жұмыс жасау(Гризайль).

А2 фор. қағазы,

1. Эскизді орындау (А-2).
2. Планшетке орналастыру.
3. Түстерді анықтау.
4. Аймақтардың реңін анықтау.
5. Түстермен жұмыс жасау.
6. Жұмысты аяқтау.

1.11 Кескіндеме техникасында адам бейнесін жазуды меңгеру

Кескіндеме — пәнінің алдына қойған мақсаты. Бейнелеу өнерінен болашақ мамандарға қажетті тәжірибелік білім беру. Кескіндемедың негізгі заңдылықтарын, реңдік, түстік қатынастар заңдылықтарын және оларды анықтау әдісін игеруге ерекше көңіл бөлінеді. Кескіндемедың бастапқы курсы теориялық білім мен төменгі сурақтар бойынша жаттығулар арқылы қалыптастырудан тұрады.

Адамды Кескіндемеда бейнелеудің басты мақсаты-алғашқы этюдтерде адам басының жанды бейнесін, формаларын, түр ұқсастығын бояу түстерімен танымды және дұрыс сала білуге дағдыландыру. Студенттер адам бейнесін салуда, шағын этюдтерде модельдің өзіне тән ұқсастығын дәл жеткізе білуге машықтануы қажет. Кескіндеме жұмыс-тарындағы мұндай компоненттерді, яғни түс өзгерістерінің ара қатынасын, ерекшеліктерін, сызықтар мен түстердің кеңістіктегі өзгерістерін, ұқсас-тығын, түр-түсін бейнелеу алғашқы

1-2 курстарда заттардың түсін бейнелеу барысында алған білімді жетілдіру түсу үшін қажет.

Дегенмен оқу процесінде болсын, сыашырай өнерінде болсын адамның бет-бейнесін дұрыс сала білу өте қиын да күрделі жұмыс болып табылады. Адамның түр ұқсастығын дәл жеткізу, адам бетінде пайда болатын түрлі сәулелердің айырмашылығын, әр түрлі жарықтың түсуіне байланысты, (мысалға: далада үйде т.б) пайда болатын көленкелерді салу білімгерлерге көптеген қиыншылықтар туғызады. Сонымен қатар затқа қарап салуға қарағанда, нұсқаға қарап салу (жұмыс жасау), нұсқаның козғалуына байланысты анағұрлым қиын.Білімгер көбіне үйде өз бетімен көп шұғылдануы және сурет сабағында адамның бет-бейнесін жете меңгеруі, сонымен қатар адам анатомиясын, бас сүйектің белгілі формаларын жақсы біліп, пластикалық қосылыстарды көре білуі, Кескіндеме өнерінде боя түстерін ажыратып, оны дұрыс қолдана білуі маңызды.

Білімгер аудиторияда, практикалық сабақта, үйде өз бетімен жұмыс жасау арқылы адам бейнесін салуда түстердің үйлесімділігін, адамның ұқсастығын сақтай отырып, сәулелердің жарасымды колориттік құрылымын дәл молшерде жеткізе білуге дағдыланады. Бұл жерде білімгерлерге жоғары талап қоюдың үлкен мәні бар. Білімгерлерге қойылатын нұсқаның өте күрделі болып кетпеуі және қойылатын талаптың мақсаты жеңіл әрі қарапаым болуы қажет. Білімгерлерде адам бейнесін сала білу дағдысының қалыптасуы бірден пайда болмайды, ол көп жылдар-дың тәжірибесі арқылы немесе көп мөлшерде практикалық жұмыстар жасау арқылы қалыптасады.

Адамның бет әлпетін салуда ең басты нәрсе жаттығуға арналған этюдтардың көлемі мен маңызына байланысты.

Кішкене этюдтер арқылы адам бетіндегі жалпы түстерді бірден салуға болады. Мұндай этюдтердің мақсаты түстердің үйлесімділігін, адам ұқсастығын бірден ажырата білуге жәрдемдеседі және кейінгі кезеңде қағазға сурет салғанда жеңілдік туғызып, алдыға қойған мақсатты меңгеруге көп себебін тигізеді.

Алғашқы кезеңдерде адамның бейнесін салғанда орта жастағы, бет пішіні әдемі, сақал- мұрты жоқ еркек адамды таңдап алған дұрыс, өйткені бастың анатомиялық құрылысын, формасын аңғару білімгерлерге жеңілге түседі. Сонымен қатар салынатын нұсқаны жиі-жиі ауыстырып, мұқият қарап отырып салған дұрыс.

Адам бет-бейнесін салғанда, яғни портрет жасағанда нұсқаны көшіріп салып қана қоймай, мүмкіндігінше көп еңбектеніп, өз бетінше творчестволықпен ізденген жөн.

Адам бейнесін салумен айналыспас бұрын, бірінші нұсқаны қағаз бетіне немесе полотноға дұрыс салып алу керек. Салынатын портрет көп мөлшерімен алынатындықтан дайындалған полотноның бетіне үлкен немесе кіші болып кетпеуін жиі қадағалап отыру, яғни суретті дұрыс мөлшерлеу (композиция) қажет. Мұндай графикалық дағдыларға алғашқы кезеңнен бастап қалыптасу көп адамдар қатысатын белгілі бір сюжетке арналған үлкен полотно (шығарма) салғанда кездесетін қиыншылықтарды оңай жеңе білуге

көмектеседі. Басқаша айтқанда көп фигурада адам басы көлеміне қарай перспективада үлкеннен кішіге қарай ауысып отырады. Мысалға: перспективада (жақыннан алысқа қарай адам бейнесінің өзгеруін) әйгілі орыс суретшісі В.И. Суриковтің «Бояр әйел Морозова» атты атақты картинасынан айқын аңғаруға болады. Картинадағы иық тіресіп отырған қалың топтың бірінші қатарынан бастап соңғы горизонт сызығына дейінгі адамдардың көлемінің қалай өзгергендігін талантты суретші шебер жеткізе білген.

Жаттығуға арналған Кескіндемелар салғанда адам басының белгілі бір пропорциялық құрылысын дұрыс ұстай білуге дағдылану керек. Адам басының пропорциясын нұсқаның биіктігін, енін, белгілі бір масштабта дұрыс ұстаған жағдайда ғана дәлме-дәл бере білуге болады.

Адамның бет пішінін, потретін салғанда бейнені нұсқадағы адам басының көлемінен сәл кіші етіп салған жөн. Жалпы жаттығу жұмыстарында кішірек етіп алған тиімді. Жаттығуларға арналған жұмыстарда басты қарсы алдынан салғаннан гөрі қырынан бейнелеген ыңғайлы.

Кез келген адамның бет әлпетінде өзіне тән ерекше белгілері болатыны мәлім. Суретші мұндай ерекше белгілерге бірден назар аудара отырып, бейнеленушінің сыртқы ерекшеліктерін оның ішкі жан дүниесімен тығыз байланыста бейнелеуге ұмтылуға тиіс.

Суретші, біріншіден, бастың қандай перспективада бірден аңғаруға тиіс. Бастың формасын салғанда тек перспективаны ғана ескеріп қоймай, көптеген көмекші сызықтарды да тиімді пайдалана білген жөн.

Бастың қандай көлбеулікте бейнеленуге тиіс екені көлденең және тік сызылған сызықтардың көмегімен белгіленеді.

Үй тапсырмасы:

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Заттың қалпын, кеңістіктегі оның пішіні мен әртүрлі ракурстағы орналасуын қандай сызықтың көмегімен беруге болады?
2. Ірі бөліктердің орналасуы дегеніміз не?
3. Жасанды жарықтану деген не?
4. Табиғи жарықтану деген не?
5. Жасанды жарықтану мен табиғи жарықтанудың айырмашылығы қандай?

Тәжірибелік жұмыс

Контрасты түстерден құралған натюрморт.

Мақсаты: Кескіндеме жанры, техникасы жалпы дизайнерлік практикада қолдану үшін кескіндеме жанры мен танысу. Контрасты түстерден құралған натюрморт.

Жанр, Техника түрлері.

қысқаша мазмұны:

Кескіндеме бірнеше жанрларға бөлінеді.

Натюрморт – заттарды сызу.


Пейзаж – табиғат.
Портрет – адам.
Сюжет – сюжеттік суреттер.

1.12 Кескіндемегі жазу әдістері

Лессировка әдісі — бояудың мөлдір, тазалығын сақтай отырып, бір қабат бояуды, екінші бояу қабатымен бастыра отырып, үшінші бір жаңа реңді тауып, қағаз бетіндегі бояу кепкен соң, құрғақтай жазу.
А-ля прима әдісі - дымқыл күйде жазу. Бір қабат бояу түстерін, қағаз бетіне кеппей жатып, екінші бір бояу қабатымен араластыра отырып қатар жазу.
Берілген реңнен басқаға көшу немесе бір түстен басқа түске ауысу бояуды жуу арқылы орындалады немесе бір түсті екіншісіне араластыру керек.
Суреттің жоғарғы шетін жуу (размывания) барысында анықталған түспен жол жүргізіледі, сосын кистті жуып және бояулы түспен жазылған жолдар таза сумен төменгі жиегі жуылады да, қажері кеңістік боялмайынша қайталанбайды. Бұл тәсілмен ауыр реңнен ашық реңге бірте-бірте ауысуға болады. Бояудың бірнеше қабаты кеппей түрып, олардың араласуы жүзеге асуы керек, сонда екі бояудың шеті араласады.
Акварель — Кескіндеме техникасының бір түрі, сулы боя Кескіндемесі. Акварель бояулары мөлдірлігімен ерекшеленеді, оны негізінен жуып тастауға болады. Акварель бояуы ерітіндісін ақ қағазға өте жұқа қабатпен жағады. Акварельмен жұмыс жасағанда, боя кепкеннен кейін қанықтылығының 1/3 есе кемитіндігін есте сақтау керек.

Жұмыс жасау барысында бояу түстерін қойылымнан қанық етіп алған жөн. Акварель бояуы 3-5 аралығында кебеді. Түс кепкеннен кейін өзгермейді, сөйтіп Кескіндеме жұмысын жеңілдетеді. Акварельмен жұмыс жасау тәсілдері әртүрлі. (6 сурет)
Солардың төртеуін қарастырайық.
1.Лессировка — бір түс қабатын екінші бір түс қабатымен жазу әдісі.
Лессировка акварель түстерінің мөлдірлігіне негізделген, бір қабат бояу түсін екінші бояу қабатымен көмкере отырып, түсін өзгертеді.
Ол үшін бірінші бояу қабаты жақсы кебуі керек. Лессировка бірнеше мақсатпен орындалуы мүмкін, жазықтықтың бәрін, контур сызығына дейін бояумен қажетті қанықтылықта жазып, жазуды барлық кеңістік емес, қажетті әсер алатын жерлерді ғана қайталап жазу керек. Лессировка арқылы жоғарғы қабатқа жақын үшінші бір түсті алуға болады.
Мысалы. Егер сары түсті қызылмен жапсақ жаңа қызғылт сары түс шығады, егер қызыл түсті сарымен жапсақ сарғыш қызыл (оранжевый) түс аламыз.
2.Қандайда бір түстің қанықтылығын төмендету үшін. Лессировкаға қосымша басқа бір түс қосады. Егер лессировкаға қанықтылығы аз қосымша бояу ерітіндісін қоссақ, түс ахроматизациясы біртіндеп болады, толығымен емес. Мысалы, қызыл сары түстің көк түспен қанықтылығы,

керісінше сары түсті ахроматизирлеу үшін, лессировканы фиолетовый түспен жүргізеді.
3.Қандай да бір түстің қанықтылығын төмендету үшін лессировканы оған қосымша түспен қолданады. Егер лессировкаға қанықтылығы аз қосымша бояу ерітіндісін қоссақ, түс ахроматизациясы толығымен емес, біртіндеп болады.
Мысалы, қызыл сары түстің көк түспен қанықтылығын немесе керісінше сары түсті архоматизациялау үшін лессировканы фиолетовый түспен жүргізеді. Түстің бұлыңғырлануы бір түсті екінші түстің үстіне бірнеше рет жағудан пайда болады. Өте қанық бояу ерітіндісін 3 реттен артық араластыруға болмайды.
4.Акварельді Кескіндеме спецификасына, - дымқыл күйіндегі техника жатады. Бұл әдіс бояу қабатын қағазға жайып сіңіру үшін қолданылады. Бояуды қағаз бетіне жақпас бұрын, қағаз бетін сулап, дымқылдатып, сіңіртеді. Қағаз қатты кеуіп кетпеу керек. Жұмыс жасау барысындақағаздың дымқылдығын бақылап отырады. Сондықтан уақыт өту аралығында, қағаздың екінші бетінен сулап отырады. Егер қағаздың екінші бетін салу сулау мүмкіндігі болмаса, қағаз бетін жылдам кеппей жатып жазу керек. Дымқыл жазу техникасында күтпеген кейбір түстер эффектісі бір түсті екінші түстің үстіне күю арқылы орындалады. Түстерді бір-біріне күю қағаз бетіне сіңбей тұрып орындалады. Ағу арқылы бояу зат фактурасының қажетті шешімдерін береді — түктілігін үлпілдектілігін матаның өрнегін және т.б. Бұл тәсілді заттың материалдылық фактурасының оның суретін беру үшін сонымен қатар киімді модельдеу эскиздерін шешуде қолданады.
Акварель техникасында қызықты Кескіндемелы шешімдерді кебу күйде жазу тәсілімен алуға болады. Бұл жағдайда кебу кистіні қолданады. Кистіге шамалы ғана қою бояу ерітіндісін алып заттың пішінінің бағытына қарай орналастырамыз. Мұндай тәсілдерді жұмыстың соңына қарай немесе этюдтерді орындауда қолданады. Пайда болған бояу қабатының астынан ақ қағаз күйде немесе бұрын жағылған түстер байқалым тұрады. Бұл түстер фактурасын шешу жұмысын байытады. Акварельді Кескіндемеда түстің жаңалығын (свежый) беру үшін а-ля прима — тәсілін қолданады. Палитрада бояуларды араластыру арқылы алынған түс қойылымның түсімен толығымен үйлесуі керек. Мұндай жұмыс тәсілінің дәрежесі жұмыстың реңдік және түстік шешімдерін бірте-бірте емес бірден шешумен аяқталады. Егер жұмыс процесінде мұндай Кескіндеме тәсілінде түстің жарықтығын қанықтылығын артыру немесе келтіру қажет болса үйлесімді түстер көмегімен лессировканы қолданады.
А-ля прима — тәсілі жұмыс жасауда жоғарғы тәжірибелік навык пен көңіл бөлуді талап етеді. Мазоктар әртүрлі орналасуы мүмкін. Зат пішіні мен үйлесімді бір-біріне паралелді жатуы бірінен соң - екіншісінің қиылысуы — анық айқындалған түстер реңімен жеке үлкен емес геометриялық жазықтықтарды құрайды. Жақын ара-қашықтағы әр түрлі бояудың жеке мазоқтары бір күрделі түсті құрайды.



5 сурет. Динамикалық түстік композиция

Кескіндемелы акварельдің нәтижесін айқындаушы барлық техника әдістері бір ғана жұмыста үйлесуі мүмкін. Таза акварельде жылттың ролін ақ, қағаз беті атқарады. Бұл әсіресе жылт орындарына өте бережное қатынасты талап етеді. Егер жылт орны сақталмаған жағдайда түстерді ақырын ұқыпты түрде жуып тастайды. Түс табиғаттың тамаша құбылысы. Ол заттар жайындағы ерекше информацияны бере алмағанмен адам сезімімен ойынын қобалжуын туғызатын ерекшелігі бар. Қызыл түс қозытатындығы мен жасыл түстің адамдарды басатындығы және қара түс әбіржітіп сары түстің көңіл күйді көтеретіндігі бұрынан белгілі. Түстің адам техникасына әсер етуімен әр ғасырда түрлі оқымыстылар оқып зерттеген. Сонымен қатар немістің ұлы ақыны ойшыл И.В.Гете — жарық. пен эмоцияны бір тізбектің үніне жатады деп есептеген. Сонымен қатар түстердің адам организіміне (физиологиялық) және оның ішкі дүниесіне (психологиялық) әсер ететінін айыра білді. Көк түс көңіл күйді түнжыратқан жағдайда қызыл сары түс көңілдендіріп энергияны қозытатындығын атап көрсетті.

Психалық процеске түстердің әсер ету жылдамдығын орыстың атақты невропотологы В.М.Бехтерев зертеген. Спектрдің жылы жағындағы сәулелер (қызыл-сары) іс-әрекетті тірілтеді сары түс психикаға аса әсер ете қоймайды жасыл — психикалық. процесті баяулатады ал фиолетовый түс оны тоқтатады.

Негізгі ролді қызыл түс атқарады. Қызыл түстің қозытатын қасиетін әсерін психологтар адамның тарихи тәжірибесіне (опыт) байланыстырады.

Қызыл түс қызып тұрған темірдің қанның түсін береді. Түстің адамға әсер етуімен көптеген елдің оқымыстылары айналысуда.

Адам заттың түсін қабылдай отырып оның басқада қасиеттерін көз алдына елестете алады. Зат жеңіл ыстық тығыз дөңгелек үлкен т.б. болуы мүмкін. Зат түсі мен қасиетінің байланысы көрерменнің анықтаушы ассоциациясын туғызады. Сары түсті күнмен көкті — су және алыс көк жиек пен жасылды — орман мен жайлау қызылды қан мен отқа теңейді. Кейде қанды отты қызыл - деп атайды.
Адамдар қазіргі кезге дейін әр түске мінездеме беріп келеді.
Мысалға. Европада ақ түсті — тазалықтың қуаныштың белгісі ретінде қабылдаған ал сары түсті көңілдің әлсіз қуанышының белгісі ал көк түсті - қою көленке қаталдық әбіржу ретінде ал қара түсті қайғы кәрілік белгісіздік ретінде қызыл түсті — сезімталдық жастықтың адамгершіліктің символикасы ретінде ұғынады.

Үй тапсырмасы:

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Натюрморт құруға қандай заттар қолданылады?
2. Натюрморт жанры қашан пайда болды?
3. Натюрморттағы заттар қалай орналастырылады?
4. Түстер қатынасын анықтау барысында қандай мінездемелер?
5. Натюрмортпен жұмыс жасаудағы орындалу реті қандай?
6. Екінші кезеңде қандай жұмыс атқарылады?

Тәжірибелік жұмыс

Форма, түс және фактура жағынан қиындатылған натюрморт.
Мақсаты: Кескіндеме жанры, техникасы жалпы дизайнерлік практикада қолдану үшін кескіндеме жанры мен танысу. Контрасты түстерден құралған натюрморт.
жоспары:
Жанр
Техника түрлері.
қысқаша мазмұны:
Кескіндеме бірнеше жанрларға бөлінеді.
Натюрморт – заттарды сызу.
Пейзаж – табиғат.
Портрет – адам.

Сюжет – сюжеттік суреттер. Түстану бұл физика, физиология және психология ғылымдарының жүйеленген мәліметтерін қоса қарастыратын, сонымен бірге философия,эстетика,өнер тарихы, филология,этнография, әдебиет секілді ғылымдармен де тығыз байланысқан түстің табиғи феноменін зерттейтін түстер туралы ғылым. Түстану ғылымының базасы болып табылатын ғылымдар саны көбеюде, уақыт өте келе оған химия,биология,педагогика сияқты т.б. ғылымдар қосылуда.

I ТАРАУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ:

1. Түстер айналымына қандай түстер кіреді?
2. Жылы түстер қандай қасиеттермен ерекшелінеді?
3. Суық түстердің қасиеті қандай?
4. Қандай түстер қосымша түс деп аталынады?
5. Акварель түстерімен жұмыс жасау ерекшеліктері.
6. Бейнелеу жазықтығында материалдық көлемін және құрылысын дұрыс беру.
7. Акварель Кескіндеме техникасы.
8. Жарық, көлеңке және түстік қатынастармен жұмыс жасау әдісінің заңдылықтары.
9. Заттың қалпын, кеңістіктегі орын пішіні мен әртүрлі ракурстағы орналасуын қандай сызықтың көмегімен беруге болады?
10. Ірі бөліктердің орналасуы дегеніміз не?
11. Жасанды жарықтану деген не?
12. Табиғи жарықтану деген не?
13. Жасанды жарықтану мен табиғи жарықтанудың айырмашылығы қандай?
14. Натюрморт құруға қандай заттар қолданылады?
15. Натюрморт жанры қашан пайда болды?
16. Натюрморттағы заттар қалай орналастырылады?
17. Түстер қатынасын анықтау барысында қандай мінездемелер?
18. Натюрмортпен жұмыс жасаудағы орындалу реті қандай?
19. Екінші кезеңде қандай жұмыс атқарылады?
20. Натюрморттағы кеңістікті және заттық көлемін қалай беруге болады?
21. Натюрмортты орындаудағы соңғы кезең немен аяқталады?
22. Натюрморт деген не?
23. Көкжиек сызығы Натюрмортта қалай пайдаланады?
24. Конструктивті құрылым деген не?
25. Натюрморт салғанда кезеңдік салуды қалай пайдаланады?
26. Түстік қатынас деген не? Колорит деген не?
27. Натюрморт салуда жекеден жалпыға көшу деген не?
28. Натюрморт сала отырып біз не үйренеміз?
29. Жазудың қандай түрлері белгілі?
30. Лессировканың Кескіндемелы тәсілі немен мінезделеді?
31. Қандай түстер негізгі деп аталынады?
32. Қандай түстер тіркеулі деп аталынады?
33. Акварельдің Кескіндемелы техникасының ерекшеліктері немен аяқталады?
34. Акварельді құрғақ жазу техникасы немен аяқталады?
35. Акварельді "алла прима" әдісі техникасымен жазу қалай ерекшеленеді?
36. Кескіндемеда колорит ұғымын қалай түсінесіңдер?
37. Заттың локальды (өз түсті) түсі дегеніміз не?
38. Жарықтың түсуіне байланысты,Ю заттың локальды түсі қалай

өзгереді?
39. Зат көлеңкесі жарық көзіне байланысты қалай өзгереді?
40. Рефлекс дегеніміз не, және ол қандай жағдайда пайда болады?
41. Бейнелеу барысында план дегеніміз не?
42. Алдыңғы планды артқы планнан қалай ажыратуға болады?
43. Ауалық ортаға байланысты заттардың түстері қалай өзгереді?
44. Кескіндемеда суреттің алатын орны қандай?
45. Перспективаның атқаратын ролі қандай?
46. Көкжиек сызығы дегеніміз не?
47. Тұтас көру дегеніміз не?
48. Жылт дегеніміз не?
49. Артқы планды қалай беруге болады?
50. Композиция дегеніміз не?

II ТАРАУ КОЛОРИСТИКА ЖӘНЕ ТҮСТІК СИМВОЛИКАСЫ.

2.1 Түстік символиканың тарихи кезеңдері

Колористика - бұл адамдардың әр түрлі қолдану аясына байланысты түстердің тәжірибеде қолданылу теориясын зерттейтін ғылым.

Түстерді жіктеу тарихы 2 кезеңнен тұрады: XVII ғ-ға дейінгі және XVII ғ-дан қазіргі уақытқа дейінгі.

Мифологиялық кезең (алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі халықтарда). Үш түрлі түс ерекшеленеді: ақ, қызыл, қара (әдетте тастардағы жазуда кездеседі).

Ақ түс - өмірдің, бейбітшіліктің символы.Ол мейірімді құдайлардың, жақсы күш иелерін шақырып; жаман,зұлым күш иелерін қуады деп есептелген.Туу,инициация,құрбандық шалу, неке қию, өлім секілді түрлі рәсімдерде қолданылған.

Қара түс - өлімді, хаосты, құрдымға кетуді білдіреді. Қара түс - сиқырлы (магия) рәсімдерді орындауда,өлім мен тіршілігін тоқтатқан затқа немесе адамға байланысты қолданылады.

Күш - қызыл түстің ең негізгі мәні мен мағынасы,сол арқылы ол магияда сиқырлы құрал болып табылады.

Ежелгі Шығыс

Қытай. Негізгі құдіретті сан 5 болатын (әлемнің төрт бұрышы мен жердің ортасын (центр) білдіреді). Ежелгі Қытай мәдениеті колоритінің ерекшеліктері: табиғилық пен жасандылықтың қатар жүруі, көптүстілік пен айқындылық (бірақ, өкінішке орай уақыт өте келе түске қатысты аскетизмге,монохромдыққа және тушьпен салынатын ахроматикалық кескіндемеге айналды).

Үндістан. Ежелгі Үндістанда 2 түстік жүйе болған:

1) Архаикалық немесе үштік жүйе түстері: қызыл,ақ,қара.

2) Ведалық, яғни Веда негізінде жасалған жүйе. Түстері: қызыл (күннің шығыс нұры), ақ (оңтүстік нұры), қара (батыс нұры), коюқара (солтүстік нұры), түссіз (орталық,центр).

Сарайларды бояу негізгі үш түс: ақ,алтын сары, қызыл - осы түстер арқылы шешіліп отырған (кейде аспан көк пен көк түстер қосылып отырған).

Ежелгі Үндістанның дәстүрлі негізгі түстері: ақ, қызыл,қара,сары,көк.

Ежелгі Мысыр. Мұнда түстерге қарым-қатынас олардың қанщалықты күннің түсіне жақындығына байланысты.Яғни, қаншалықты сары,жарқын болса,соғұрлым қасиетті саналған.Олардың қадір тұтатын құдіретті түстері - ақ және алтын сары. Сол себепті бұл екі түс құдайлардың, қасиетті жануарлардың түсі деп саналған.

Ежелгі мысырлықтардың ең жақсы көретін түсі - жасыл (яғни өмір мен өлімді білдіретін амбивалентті символ болып табылады), ақ және қызыл (қасиетті түстер).Сонымен қатар ежелгі Мысырда аспан көк түс пен көк түс ерекше символикалық мағынаға ие,яғни олардың ойынша бұл аталған түстер шындықты,ақиқатты бейнелейді.Соған байланысты көк тас - лазурит,аса қатты қадірленген.Және бұл түс аспанды - Күн Құдайы Раның мекенін білдіретін

болған. Ал, қара түс жамандықты,зұлымдықты,күнә мен бақытсыздықты білдіреді.

Грек-римдік антика. Б.з.д. V ғасырда Эмпедокл әлемді төрт зат құрайды деп жазды.Оның ойынша су (қара), ауа (ақ), от (қызыл) және жер (сары,қоңырқай,охра).Ал, қалғанының барлығы осы төрт заттың қосындысынан құралады деді.

Ал, Аристотель болса, үш негізгі түсті бөліп қарастырды: ақ (су,ауа,жер); сары (от); қара (құрдымға кету немесе ауыспалы түсініксіз кезең т.б.).

Планид. өзінің "Табиғи хикаясында" торт түсті бөліп көрсетті: қызыл,ақ,сары,қара.

Негізгі түстерді анықтау үшін Эмпедокл мен Планид көзбен көріп қабылдау тәсілін пайдаланса, Аристотель тәжірибелік жолды қолданған.

Ортағасырлар.Батыс Еуропа.

Ақ түс - Христосты,періштелерді,құдайларды бейнелейтін тазалықты,пәктікті білдіреді.

Сары түс - оқығандықтың белгісі, "Қасиетті Әруақ" ("Дух Святого") әрекеттерінің белгісі дегенді білдіреді.

Қызыл - Христостың қанын,күнді,отты білдіреді.

Көк - аспанның түсі, Құдайдың құлдарын білдіреді.

Жасыл - Христостың жердегі жолы, азық пен тамақтың,өсімдіктің,тіршілік көзінің белгісі.

Қара - зұлымдық пен жер астының,антихристтың белгісі.

Күлгін көк (фиолетовый) - қарама-қайшылықты білдіретін мистикалық түс.

Қоңыр және сұр - қарапайым қараша халықты білдірген.Олардың символикалық мағынасы аса ауыр,негативті.Әсіресе ерте орта ғасырларда кедейліктің,үмітсіздіктің ,жиіркеніштің белгісі болған.

Сонымен бірге ортағасырларда түске магиялық құрал ретінде қарау кең таралған болатын. Бұл, ең алдымен, сол ортағасырлардағы алхимиямен байланысты.Алхимияда түстерді "жоғарғы" және "төменгі" деп екі топқа болген. "Жоғарғы" түстерге бізге белгілі "триада" түстері жатады: ақ, қызыл және қара. Олар "Ұлы айналулардың" ("Великое превращение") үш сатысын білдіреді: алғашқы материяны (қара), сынапты (ақ), және күкіртті (қызыл).Осы аталған үш заттың қосындысы негізінде "тас" (алтын) пайда болған.

Қара - шіру, өкіну, адасу стадиясына; ақ - ағартушылық, ақиқат, кешірім стадиясына; ал, үшіншісі - қызыл - азап пен махаббат стадиясына сәйкес келеді.

Алтын сары түс (золотой) - атақ,даңқты білдірген.

Ең басты, басқа түстердің негізі болып табылатын түс - "триададағы" қара түс болып есептелінеді. Қалған түстердің барлығы "төменгі" және "екінші" топқа жатады.Алхимияда химиялық элементтердің түстік жүйесі мен спецификалық түстік атаулары болған.Мысалы, күмісті "ақ ханша" деп атаған.

Исламның түстік символикасы.

Ислам дінінде адамдардың,жануарлардың т.б. суреттерін салуға тыйым салынғандықтан, түсті айқындауыш құрал ретінде есептеген.Түрлі-түсті орнаменттер,кілемдерде салынған түрлі оюлар мұсылмандардың жердегі және аспандағы өмірлерін білдіретін түстік символдардың жүйесін құрайды.

Ақ - руханилық пен тазалықты білдіреді.

Алтын сары (золотой) - атақ, даңқ,байлық,сәттіліктің белгісі.Сонымен бірге сары түс жаман мағынаға да ие болған.Оны асқазан ауруларымен байланыстырады.

Қызыл түс мұсылмандар үшін онша амбивалентті түс емес.Бұл түс қасиетті, сиқырлы болып саналған, бұл түсте "өмірлік күш" бар деп сенген.Сол себепті рубин т.б. сияқты қызыл түсті тастар өте жоғары бағаланған.Олардың ойынша олар өз иесіне энергия, күш-қуат,қайсарлық беретін болған.Сонымен қатар бұл түс махаббат пен сүйіспеншіліктің де белгісі болған.Қызыл түстің осындай қасиеттеріне қатты сенген олар қызыл тастарды балалар мен жануарларға көрсетпеуге тырысқан, өйткені олар үркіп немесе қозып кетеді деп қорыққан.

Жасыл түс аса қадірлі әрі құдіретті болып саналған (Пайғамбардың жасыл жалауы). Жасыл - оазистің, яғни өмірдің, тіршіліктің, табиғаттың, демалыстың белгісі болған. Жасыл түсті тастар өмірлік беріктікті, бақытты, сәттілікті білдірген.

Көк (синий) және күлгін көк (фиолетовый (көлеңкенің түстері)) - Христиан дініндегідей оздерінің трансцендентті, мистикалық қасиеттерімен бағаланған. Сонымен бірге,күлгін көк (фиолетовый) түсті, жердегі өмірдің жалған екендігін білдіреді деп сенген.

Ал,қара түс болса басқа халықтардағыдай өте негативті түс ретінде қабылданбаған. Себебі ол түн, көлеңке,қараңғылық жарықтықты толықтырып тұрады деп сенген. Дегенмен де, қара түс - жамандықтың, күнәһарлықтың, арам істердің белгісі ретінде де танылған.

Қорыта айтқанда, халықтардың көпшілігінде ашық,таза,жарқын түстерге жақсы мағына берген; ал қара,қою,кірлеу түстерді лас деп санаған.Мұсылмандарда да ортағасырдағы Европа секілді қоңыр мен сұр түстерге аса мән бермеген.Бұл түстер бақытсыздық пен кедейліктің нышаны деп білген.

Реһессанс

Леонардо Да Винчи жаңа түстік жүйенің негізін қалаған, оның ойынша негізгі 6 түс бар: қызыл,сары,жасыл,қара,көк,ақ.

Европа. XVII - XIX ғасырлар.

Бұл кезде түстер классикасы тарихында жаңа кезең басталады,яғни түстердің бөліну процесі басталады.

Ньютон түстерді бөлуде ғылыми символиканы енгізді.Ол үшжақты призма көмегімен күннің ақ жарығын түстік спектрге орналастырды.Мұндай спектрде пурпур түсінен басқа барлық - қызыл, қызғылт сары,жасыл,аспан көк,көк,күлгін көк (фиолетовый) секілді түстер болған.

XVII ғасырда Европада 2 стиль кең етек жайды:

1) Барокко. Түстердің әсемділігі мадақталады.

2) Классицизм. Мұнда түстердің тек реңдері (оттенок) бағаланады. Негізі - басылған (приглушенный),жарқын емес түстер.

XVIII ғасырда Барокко стилі Рококо стиліне ауысады. Ассиметриялы композициялар пайда болады, онда декорды (формалардың жеңіл детальдануы) ақ пен алтын сары түстермен ашық,таза түстердің тіркесуі көп кездеседі. Кейіннен XVIII ғасырдың аяғында Гёте физиологиялық тұрғыдан түстерді классификациялау тәсілін ұсынды. Түстер: қызғылт сары , қызыл, сары, жасыл, көк, күлгін көк (фиолетовый). Яғни оның жасаған әдісі былай: үшбұрыш өзінің үш бұрышы арқылы суретшілер пайдаланатын негізгі 3 түсті көрсетеді. Ал, қалған қызғылт сары, күлгін көк (фиолетовый), жасыл түстерін сол негізгі түстерді бір-біріне қосу арқылы алады.

XIX ғасырда Еуропада романтизм пайда болды.Соның әсерінен бір-біріне қарама-қарсы 2 түрлі бағыт пайда болды: натурализм және импрессионизм.

Дәл осы уақытта Гетенің замандасы - Филипп Отто Руни глобус немесе шардың принципін қолдана отырып, өзінің түстерді классификациялау жүйесін жасап шығарды.Яғни, ол үстіңгі полюсін - ақ, төменгі полюсін - қара түспен бояп, экватор бойына 12 түсті кәдімгі шеңберді орналастырды.Айқын экваторда орналасқан түстер мен полюстер аралығында барлық түспен ақ түстің қосындылары орналасқан: яғни,шардың үстіңгі жағына қарай - пастельді түстер, ал төменгі жағына қарай - қою,қара түстер орналасқан.Бұл түсті глобуста әрбір пункт белгілі өлшемдер мен санаулар жүргізу арқылы түстерге ат қоюға ыңғайландырылған ендіктер мен бойлықтар белгіленген.Ол осы жүйесі арқылы кез келген түстің кез келген түске өтуін (переход) ескерген.Одан басқа түстер классификациясына өз үлестерін қосқан ғалымдар: Шеврёль (жартысфера), Адамс, Бецольд, Гельм Гольц.

Модерн.Түс символға айналады.

Модерн стилінің эстетикалық ерекшеліктері:

1) Қара,қою,кір түстерді пайдалану, шағын палитрадағы көп реңдер (оттенки), сонымен қатар алтын,күміс,қола секілді металдық пигменттер қосу.

2) Түс арқылы бейнелеу.

3)Түстің музыкаға жақындау тенденциясы көрсетіледі.

Оствальд деген ғалым Рунге сферасы жүйесін одан әрі дамытты.Ол шеңбер салып, оны 24 бөлікке бөлді.Әр спектрді белгілі бір түспен бояйды. Бірақ барлық түстерді бір негізге қосылған екі конустан құралған жабық түстік дене ретінде көрсетеді.Конустардың ортақ осі ахроматикалық қатар болып табылады: жоғарғы нүкте - ақ түс, төменгі - қара.Негіздік шеңбер бойымен қанық спектрлық түстер (кемпірқосақтағы түстер) орналасқан.Олардың өзі белгілі рет бойынша орналасады: қызыл - қызғылт сары (оранжевый) - сары - жасыл - аспан көк - көк - күлгін (фиолетовый).

Түстер қатарын оңай жаттау үшін орыс тіліндегі мына жаңылтпаш көмектеседі: "Каждый охотник желает знать где сидит фазан", яғни :

Каждый - красный

охотник - оранжевый

желает - желтый
знать - зеленый
где - голубой
сидит - синий
фазан - фиолетовый.

Бақылау сұрақтар:

1.«Түстану» пәнінің мақсаттары мен міндеттерін№

Атласты мата қыртыстарында жылт ақшыл ал рефлекстер матаның қанық ез түсінде болады. Ал бархаттағы жылтың орналасуы атласка ұқсас болады да рефлекс болмайды. Заттың өз түсі жарыққа байланысты ғана емес сонымен қатар заттың көрерменнен алыстауынан да өзгереді. Әртүрлі кеңістіктегі орналасуды план бойынша орналасу деп-атайды. План аркылы зат орнының алыс – жақындығы анықталады

Мысалы. Керерменге әртүрлі аракашықтықта орналаскан жасыл жапырақты ағаштар түсі әр алуан болып көрінеді. Ағаш алыс орналаскан сайын жасылдана түседі. Бұл түс майда бөлшетермен толтырылған қоршаған ауа ортасының мөлдір еместігінен езгереді.

Түстің өзгеруі көрермен мен заттың ара-кашықтығына байланысты. Егер ауа-кабаты жұқа болса заттың түсі аз өзгереді. Зат алыс орналасса сол мезгілде оның түсінде сұр немесе ашық көктің шағылысу өңі пайда болады.

Қараңғы түсті заттар алыстаған жағдайда түсі әртүрлі болып өзгереді.

Қараңғы заттар ауада көктеніп ашықтанады ал ашық түстегі заттар тек коюланып қана қоймай ақшыл сарғыштанып құн сәулесі түсіп тұрса қызғылтанады. Ауа ақшыл-көк қызғылт сары сәулені таратады. Көрерменнен заттар алыстағанда заттардың ашық қараңғы қарама-кайшы орындары бірте-бірте жазылады (тарайды) түстерінің бір-бірінен айырмашылығы азаяды.

Зат алыс орналаскан сайын түстерінің жарықтығы көлемінің және пішінінің сызбасы анық бейнеленеді. Алдынғы пландағы заттардың

айырмашылығын бірден көрсете отырып екінші планды сәл анықтау етіп ал артқы пландағы заттарды бұлыңғырлау тегіс етіп көрсете отыра жазықтықтың тереңдігін беруге болады. Біздің көзіміз түсті жарықты көлемді кеністікті материалдылықты заттардың мұндай құбылысынсыз бейнелеуді шын етіп қабылдай алмаймыз. Жазықтықта кеністіктің ерекшеліктерін беру пейзажды бейнелеуде анық білінеді.
Кеңістік пен жарықтың белгілі бір шартын бейнелеуде жазық фондағы натюрморт немесе портрет-болсын бұл заңдылықтарды кандайда бір Кескіндемелы шығармаларды орындау барысында міндетті түрде сақтау керек. Бір мезгілде бірнеше затты дұрыс бейнелеу үшін зат пішінінің жарық көленке және жарық көзінің өтуін көре білу жеткіліксіз. Бақылау кезінде барлық заттар түсі бір-бірімен шағылысып тұрса шындықпен үйлеседі. Қойылымдағы заттардың түстік және реңдік қатынасы натураны бейнелеу кезінде сақталуы керек.

Тәжірибелік жұмыс

Ылғалды әдіспен күздің бұлтты кезеңін бейнелеу.
А2 фор. қағазы.
Акварель бояулары, қарындаш, өшіргіш, су Көршілес түстес (родственные цвета). Өндік қанықтылығы жағынан жақын заттардан құралған натюрморт. «Алля-прима» әдісі.

Мақсат: Түстер мен танысу. Палитра және оның мүмкіндіктері.
Қысқаша мазмұны:
Түстің кескіндеме бейнелеу өнерінде ролы үлкен. Түс еңбектерге ерекше рең береді. Әртүрлі түстер туралы, айтканда "Жылы және суық" создері қолданылады.
Спектор түсті шеңбер - әртүрлі түстен құралған түсті шеңберлер:
Жылы: Қызыл, сарығылт, сары, тоқ сары.
Суық: Көк, көгілдір, (фиолетовый).
Түс таңдау: Түс туралы ғылым.

Контрасты фондағы натюрморт.
Мақсаты: Кескіндеме жанры, техникасы жалпы дизайнерлік практикада қолдану үшін кескіндеме жанры мен танысу. Контрасты түстерден құралған натюрморт.
жоспары:
Жанр
Техника түрлері.
қысқаша мазмұны:
Кескіндеме бірнеше жанрларға бөлінеді.
Натюрморт – заттарды сызу.
Пейзаж – табиғат.
Сюжет – сюжеттік суреттер.

Негізгі түстер— қызыл, көк, сары. Бұл түстерді басқа бір түстердің көмегімен араластыру арқылы табу мүмкін емес.
Қалған түстердің бәрі көлденең түстер. Оларды екі немесе бірнеше түстерді араластыру арқылы табуға болады.
Мысалға. Сары және көк түс — жасыл түс. ал қызыл және көк түс — күлгін түс береді т.б.
Бір түстің өнінің әртүрлі болуы. жарық көзінің деңгейіне байланысты. реңнің қанықтылығы. бояудың қарама-қайшылығы және рефлекстері.
Қанықты рең дегеніміз. берілген түстің яғни интенсивті реңнің түстік сапасының айқындығы.
Бояулы қарама-қайшылық - жақын орналасқан түстердің өңге ықпалы. езара әсері.
Бояулы ұтымына бірнеше жағдайлар енеді.
1. Ашық түс қарағы алда. бұрынғыдан да ашық болып. ал ашық аяда ауыр боп көрінеді.
2. Суық түстер қосылыстарды жылы етіп. ал жылы түстер суықтатады.
3. Қатар орналасқан қосымша түстер бірібірінің ашықтығын (жарықтығын) күшейтеді.
4. Нейтралды түс жанында орналасқан зат түске қосымша түсті қабылдайды. Мысалы. сұр түс жанындағы жасыл түспен күлгін. қызыл болып көрінеді.
Бояулы рефлекс — заттың көленке жағындағы шағылысуы.
Колорит дегеніміз — Жалпы түстер ырғағы. әр түстің басқалармен үйлесімділік бірлестігі.
Композиция — бұл заттың кеңістікте орналасуының анықтығы және оның басқа заттармен байланысы.
Композиция сөзі латыншы сопро-зіііо деген сөзі. яғни құрастыруды біріктіру ұғымы.
Кескіндеме және графика композицийясы дегеніміз. мазмұны үйлесетіндей шығарманың құрылымы. оның бліктерінің жазықтықтағы орны. бір-бірімен байланысты.
Акварель — суға еритін бояу. Француздық "а§па" — су деген сөзінен шыққан. Акварель қатты және жартылай жұмсақ. боп бөлінеді. Акварельдің негізгі қасиеті — Бояу қабатының мөлдірлігі. Сондықтан заттың шетіндегі контур сызығы қарандашпен әлсіз етіп салынады. әйтпесе. бояу астынан сыртқа шығып көрінуі мүмкін. Сурет дұрыс салынып біткен соң. бояу түстерін жаққаннан кейін өшіргішпен өшіруге болмайды. ондай жағдайда акварель бояуы бүлінеді. Мөлдірлік қасиетті. түстерді бір-бірінің үстіне жағу барысында. ескеріп отырған жөн. кейде түстердің бірігуі бізге қажетті реңді басқаша өзгертуі мүмкін.
Кейде кейбір түс. оның өзі таза ақ қағаз фонында орындалады. Сондықтан бояуды жағуда ТУСТІК дақтан бастап жүру керек.
Жазудың 4 әдісі бар: Ылғалды әдіс. Аралас әдіс (алла-прима) .Біртегіс әдіс (лессировка). Құрғақ әдіс

Тәжірибелік жұмыс

Тақырыбы: Натурадан қарап жұмыс жасау.

Кескіндеме материалдары мен жұмыс жасау тәсілдері су бояулармен жұмыс жасау әдістерін үйрену.

Жұмыстың мақсаты: Теориалық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбені жоғарылату, практикада қабылдау техникалары.

Тапсырма :

Эскизді орындау (А-4).

Планшетка орналастыру.

Түстерді анықтау.

Аймақтардың реңін анықтау.

Түстермен жұмыс жасау.

Жұмыстарды аяқтау.

Әдестемелік нұсқау:

Натурадан қарап жұмыс жасағанда өзінің жұмыс жасау заңдылықтары мен белгіленген жоспарлары болады. Негізгі бастау кезеңі, ортаңғы кезең, және аяқтау шешуші кезеңі.Бұл кезеңдерде нақты мәселелер шешіледі.

1. Жарықтың түсуіне байланысты негізгі түстік дақтар мен түстердің тондық қатынасы.
2. Негізгі түстер мен түстердің бір-біріне қатынасынан түстердің өзгеруі, жеке заттардың түстері және олардың көлемдері.

2. Жекеден жалпыға өту кезеңінде жеке заттарды бейнелеуде өте катты контур беруді жұмсарту .

3. Негізгі затты яғни композициялық орталықты көрсете білу,ал оны қоршаған заттарды негізгі орталыққа жымдастыра білу.

4. Тондық қатынасты көрсете отырып, жұмыстың алдыңғы планы мен арткы планның айырмашылығын көрсете білу, яғни кеңістік перспективасын көрсете білу. Натурадағы ең қараңғы және ең жарық жерді дұрыс көрсете білу. Жұмыс барысында жалпы бардық натураны көз алдында көре отырып жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дұрыс өтіп отыруы керек. Түстік және тондық қатынастарды салыстыра отырып негізгі түстік жарықталыну мен жарықталу күшін айыра білу керек.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Ашық түс ашық болып, қай жағдайда ауыр болып көрінеді.
2. Суық түстер қосылыстарды жылы етіп не көрсетеді.
3. Қатар орналасқан қосымша түстер бірібірінің ашықтығын қалай күшейтеді.
4. Нейтралды түс жанында орналасқан затка түскен қосымша түст қалай қабылдайды

III ТАРАУ КЕСКІНДЕМЕ ТЕХНИКАСЫНДА КЕЛБЕТ (ПОРТРЕТ) ЖАЗУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.

3.1 Портрет түрлері

Портрет – бұл адамның сыртқы бет пішіні, сондай-ақ адамның ішкі жан дүниесі мен психологиясы ашып бейнелейді. Портрет адамның сыртқы көрінісінің, мінезінің жан дүниесінің өзінше жекешелігін береді.

Адамның ішкі жан дүниесі мен мінезінің беттің мимикасына, көздің қарағанынан, жүруінен, киінгенімен және т.б. анықтауға болады.

Портреттің бірнеше түрі бар:

Интимді, мұнда салынып жатқан портреттің тек жақын адамдарға ғана белгілі сынын көрсетеді.

Салтанатты, ол тек адамдар көп жиналатын жерлерге ғана арналған. Мұндай портреттерге, тек зиялы әйгілі адамдар ғана көркемделіне алады. Бұл сол адамдардың қоғамдағы ролін көрсетеді. Мұндай портреттерде сән бастысы, көзге көрінетін жері сән киімдері, интерьерлерінің әшекейлері болып табылады.

Социалды, бүкіл кластың өмірін айта алатын портреттер.

Психологиялық, мұнда адамның көңіл-күйі толығымен көркемдік негізінде жазылады.

Композициялық қатарына байланысты партреттер көкірек үстінен келетін белге дейін, тізеге дейін, бір пішінді және топталған болып бөлінеді.

Портретке ең басты рольді модельдің жекешелігі, оның дүниесі алынады. Өйткені әр адамның өзіндік өмірі болады. Портретпен жұмыс істеу алдында натураны дұрыс таңдап алу қажет. Модельдің бет пішінінің характері колориті бойынша қызық болу керек. Сондай-ақ адамның отыру кейпін, жарық түсіруін, киімін, әшекейі мен драпировканы әсем таңдау қажет. Қойылымның ең негізгі ережесінің бірі – қарапайымдылық пен әсемдік. Түс палитрасының көптігі Кескіндемеда натураның өзіндік қасиеттерін, характерін, әсемдігін айқын шығарады. Адам бетінде жылы түстен суыққа, қанық түстен қанықсызға өтетін түстік қатынастар өте көп. Дененің әр бөлігі өзінің түсі арқылы бір-бірімен ажыратылады.

Кескіндемелы портретті әр түрлі жолмен орындауға болады. Бірақ бәрінің мақсаты – натураның өзіндік көркемі мен түс арқылы көлемдік формасын беру. Кескіндемеда негізгі заңды игеріп алу қажет, ол: түс формаға тәуелді.

Жұмыс нәтижесі мақсаты, жинақты болу және модельдің характерін беріп тұру үшін, түс керекті жеріне жатқызылуы тиіс.

Түс қоршаған ортаға байланысты өзгереді. Егер сол адмады ең бірінші суық көк драпировкалы фонында отырғызып, содан кейін жылы фонға отырғызса, онда адамның беті салыстырмалы түрде әр түрлі түсті береді. Адам бетінің, киімнің жалпы локалды түсі карама қарсы фонның түсі арқылы өзгереді.

Ең алғашқы натураны дұрыс орналастыру қажет. Әр жұмыс ең алғашында композициядан басталады. Портрет қойылымның қатысушылардың негізгі мақсатынан айырылып қалмау үшін, керексіз ойларды, заттарды алып тастау қажет. Қойылымның барлық заттарды өзінше бір ойды білдіріп, әсемдігін сақтау керек. Композиция сәтті шығу үшін, алдын ала нобайлар жасап, көлеңке жерлерін қою түспен белгілеу қажет. Алдын ала жасалға жұмыстар

портреттің композициясының, модель пропорциясын, түстік шешімін таңдап алады.
Кейін портреттің композициясын, модельдің негізгі пропорциясы мен қозғалысы арқылы суретін саламыз.
Бірінші бояу жағылымдары түстік қарым-қатынастарды дәлірек орналастыру қажет. Жағымдыларды ең бірінші қою көлеңкелерден бастаған жөн. Сонымен қатар салыстырып отыру үшін жарық көп түскен жерді іздеу керек. Бұл бастың бір түстік шешім қабылдау үшін қажет. Көлеңке жерде түстің катты бөлінуі үшін, жағылымдарды кең және аямай қою жөн.
Жұмыстың ең күрделі жері болып көз болады. Көзге үлкен ықылас қойып, зейін қойып қағаз бетіне түсіру керек. «Көз – жанның айнасы» деген мақалды жұрт әшейін шығармаған шығар.
Бөлшектермен жұмыс істеп болған соң, оларды дәлірек шығарып, мінез ұқсастығын жақсы ұстап, керексіз сызықтардан құтылу қажет. Осы кезеңде суретте бір-бірімен бірлесе бастайды. Портретпен жұмыс істегенде ең негізгі сәті оның материалдылығын бере білу болып табылады.
Жұмыс аяқталғаннан кейін свуретті мұқият қарап шығу керек. Дәлірек айтқанда оның түстік қатынасын сақтап қалу, модельдің характерін жақсы беру, бастың көлемділігін дұрыс беру.

Натурадан қарап жұмыс жасау.

Натурадан қарап жұмыс жасағанда өзінің жұмыс жасау заңдылықтары мен белгіленген жоспарлары болады. Негізгі бастау кезеңі, ортаңғы кезең, және аяқтау шешуші кезеңі.Бұл кезеңдерде нақты мәселелер шешіледі.

1. Жарықтың түсуіне байланысты негізгі түстік дақтар мен түстердің тондық қатынасы.
2. Негізгі түстер мен түстердің бір-біріне қатынасынан түстердің өзгеруі, жеке заттардың түстері және олардың көлемдері.

5. Жекеден жалпыға өту кезеңінде жеке заттарды бейнелеуде өте катты контур беруді жұмсарту .
6. Негізгі затты яғни композициялық орталықты көрсете білу,ал оны қоршаған заттарды негізгі орталыққа жымдастыра білу.
7. Тондық қатынасты көрсете отырып, жұмыстың алдыңғы планы мен артқы планның айырмашылығын көрсете білу, яғни кеңістік перспективасын көрсете білу. Натурадағы ең қараңғы және ең жарық жерді дұрыс көрсете білу. Жұмыс барысында жалпы барлық натураны көз алдында көре отырып жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге дұрыс өтіп отыруы керек. Түстік және тондық қатынастарды салыстыра отырып негізгі түстік жарықталыну мен жарықталу күшін айыра білу керек.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

7. Түстік қатынас деген не? Колорит деген не?
8. Натюрморт салуда жекеден жалпыға көшу деген не?
9. Натюрморт сала отырып біз не үйренеміз?
10. Жазудың қандай түрлері белгілі?
11. Лессировканың Кескіндемелы тәсілі немен мінезделеді?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып: Киімдегі бала тұлғасының бейнесінің түстік шешімі. Сулы бояу тәсілі.

Мақсаты: Киімдегі бала тұлғасының құрастырмалы пластикалық бейнесінің ерекшеліктері. Сулы бояу тәсілі.

Тапсырма: Адам тұлғасын дұрыс олараластыру арқылы бала пішінінің киімдегі бейнесі құрылымына акценттік көңіл аудару және құрастырмалы қатпарлардың орындалу ерекшеліктері.

Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Интерьердегі адам тұлғасының құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның түстік қатынасын айқындау арқылы орындау

Қажетті құрал –жабдықтар: А2 форматы, М, М2 қарандаштары, сулы бояу.

3.2 Пейзаждағы адам тұлғасының этюдтары

Пейзажда адам бейнесін этюдтарымен жұмыс жасағанда студенттер тірі натураны ашық аспан астында жазу әдісінің маманы болады.

Осы ауданда сурет салып үйрену үшін алдымен бас немесе барлық фигура этюдтарын күнгірт күні салып алған жөн. Ашық күнге қарағанда бұлтты күні көп уақыт сурет жазуға болады.

Осындай күні мұндай этюдтерден жұмыс 4 сағатқа дейін ұласады. Алайда күнгірт күннің өзінің кемшіліктері бар: аз ғана жарықтықта пішіннің көлемі жақсы шықпайды және түс контрасты бола алмайды.

Ашық күні тым басқа суретті келтіре аламыз. Күн түскен беттерде аз ғана ала қызыл, сары түстер кездеседі, ал көлеңке жерлерде аспаннан көкшіл түсті тартады. Сонымен қатар көлеңкедегі түстер жарық түскен жылы түстердің жиынында қатты контраст береді.

Жарыққа қарама-қарсы отырған натураны да салған жөн. Бұл жерде тек мынаны білу керек: адам басының және фигураның шеттері көлеңке түүске қанық болады. Мұнда ең қиыны жылы түсі мол натураның көлеңкірек контрасының түсін табу.

Кешкі ымырт кезінде фигура түстік шешімдерге толы болады. Түскі уақытқа қарағанда бұл кезде натураның жарық түскен жерлері қызыл-сары түске боялады. Мұндай жағдайда дененің түсі аз роль атқарады. Сонымен қатар жарық пен көлеңкенің арасында қатты контраст болмайды. Көлеңке жерлер кешкі аспаннан көкшіл-жасыл түске ие болады.

Суретті түстік шешімін дұрыс шын шығару үшін, студенттер этюд негіздері арқылы жасалады.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Бейнелеу барысында план дегеніміз не?
2. Алдыңғы планды арткы планнан қалай ажыратуға болады?
3. Ауалық ортаға байланысты заттардың түстері қалай өзгереді?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып: Киімдегі ер адам тұлғасының интерьердегі бейнесінің түстік шешімі. Сулы бояу тәсілі.

Мақсаты: Киімдегі адам тұлғасының құрастырмалы пластикалық бейнесінің ерекшеліктері. Сулы бояу тәсілі.

Тапсырма: Адам тұлғасын дұрыс олрналастыру арқылы ер адам пішінінің киімдегі бейнесі құрылымына акценттік көңіл аудару және құрастырмалы қатпарлардың орындалу ерекшеліктері.

Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Интерьердегі адам тұлғасының құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның түстік қатынасын айқындау арқылы орындау

Қажетті құрал –жабдықтар: А2 форматы, М, М2 қарандаштары, сулы бояу.

3.3 Әйел портреті. 450 х 600 мм. Гуашь

Кескіндеме түрінде бейнелеуші әйелдің бас пішінін дұрыс бейнелей білуге бағытталады. Портретаясына қызыл, сары немесе ашық қоңыр түсті материалдарды (драпировка) ілуге болмайды. Себебі бұл түстер портрет бейнемен таласатын болады. Сондықтан да көкшіл немесе жасалтым, сұр түстерді аясында шатасыз жасалынады.

Бұл қойылымға бейнелеу үшін орта немесе елге жастағы бет келпетінің формалары анық көрінетін әйел баласын отырғызу керек.

Жұмысты бастамас бұрын кішірек қағазға композициясын, негізге түстердің байланысын қойылымның жалпы дағын (жалпы түс) тауып жаттығу жұмыстарын жасаған жөн.

Жұмысты бастамас бұрын дақтың негізді тауып алады. Оған шаштың көлеңке жағындағы қараңғылығы немесе киімнің көлеңке жағындағы қараңғы дағы мысал бола алады. Қараңғы жердегі сызық болғаннан соң мынандай, беттің мұрын мен иектің жарық жерлеріне мазок (жағым) береді. Портрет пен аяның қарым-қатынасын жоғалтпай бұл жерде түстік байланыстарды тауып, бас формасын мазок арқылы шығару керек.

Түс пен дақты салыстырмалы түрде үлкен жазықтықтарды кішігірім жазықтықтармен салыстырып этюдта жұмысты жүргізу керек. Қалған жұмыстар белгелі бір жарықтың түсі мен тірі бас формасын мінез-құлқын көрсете білу негізінде жүретін болады. Жұмысты көзге, мұрынға, ауызға үлкен зейін қою керек.

Бұл бөлшектер әр адамға әр түрлі екендігін де жалпы ережеден ауытқи алуға да бейімделе білген жөн. Бұларды жазып отырып білімгерлер көбінесе жалпыны ұмытады, сондықтан да жұмыс соңында этюдты жалпылау, бастың құрылымын тексере отырып, Кескіндеме шешімін табуға бағытталу керек.

Бұл бөлшектердің әр адамға әр түрлі екендігін де жылпы ережеден ауытқу алуға да бейімделе білген жөн. Бұларды жазып отырып білімгерлер көбінесе жалпыны ұмытады, сондықтан да жұмыс соңында этюдты жалпылау, бастың құрылымын тексере отырып, Кескіндеме шешімін табуға бағытталу керек.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Қандай түстер негізгі деп аталынады?
2. Қандай түстер тіркеулі деп аталынады?
3. Акварельдің Кескіндемелы техникасының ерекшеліктері немен аяқталады?
4. Акварельді құрғақ жазу техникасы немен аяқталады?
5. Акварельді "алла прима" әдісі техникасымен жазу қалай ерекшеленеді?
6. Кескіндемеда колорит ұғымын қалай түсінесіңдер?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып: Темперамен және гуашьпен салынған кескіндеме
Киімдегі әйел тұлғасының пластикалық құрылымы.
Мақсаты: Киімдегі әйел тұлғасының және фондағы мата қатпарының түстік кереғарлығын анықтап, құрастырмалы және пластикалық құрылымын көрсету.

Тапсырма: Әйел тұлғасының пластикалық ерекшеліктерін бейнелеу арқылы бейненің колористикалық маңыздылығына аса көңіл бөлу қажет.

Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Адам тұлғасының құрастырмалы құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның пропорциялық, құрастыру және түстік қатынасын айқындау.(Гуашь, темпера тәсілі.)

Қажетті құрал –жабдықтар: А2 форматы, Гуашь, темпера, қылқалам, ТМ карандашы.

3.4 Композициялық құрылымдағы бастың этюды

Профессионалды білімді жетілдіруде тек форманы дұрыс шығару ғана емес, бейімдеуші адамдардың мінез-құлқын, жынасын, жас ерекшелігін дұрыс көрсете білу болып табылады.
Бұл тапсырма өте қиын және ерекше қызық.
Суретші бейнелеуші адамның мінез-құлқын қағазға түсіре білу үшін үлкен білікті болу керек. Суретші білімгерлерден жұмыс тапқырлық шешімге келуді талап етеді. Жекеленген композициядағы ерекшелікті бейнелей білуді сұрайды.
Композициялық құрылымда адам басының этюдын жасау аумағындағы тәжірибие жалпылау қабілетін және мінезділікті, типтік ерекшелікті көрсете алуды дамытады.

Кескіндеме онерін оқи отырып – бұрынғы шеберлердің жасап кеткен портрет онерін зерттей, үйрене жүру керек. Барлық стильдік творчество негізінде ұлы суретшілердің олардың шығармалары натураны реалды шындықты бейнелеуге негізделген.

Бұл тақырыпта үлкен форманың ерекшеленуі қажет, яғни композициядағы портрет.

Портрет композициясымен жұмыс жасай отырып, интерьер бөлшектерінің ішінде силуэтті жоғалтып алмау керек, ол бейнелеуші адам портреті. Қойылымда негізгі нақты салмақтың да шешімін табу қажет. Енді білімдер табылған портреттің композициялық шешіміне пластикалық-Кескіндемелы қасиетпен бейнелеуші адамға эстетикалық жығымды бастамасын береді.

Портрет творчествосында бірінші конструктивті-пластикалық ізденіспен образ іздейді, ол көрерменге бірден ерекшеленіп қабылданады. Бірақ образдың барлық теріндігі бейнелеуші адамның ішкі әлемі, оның сезімі мен қобалжуы сияқты көңіл күйі келесі кезеңдерде көріне бастайды.

Бөлшектеу жұмысы бірден бір жауапты кезең болып табылады.

Жазу барысында бөлшектерді анализдеу олардың қарым қатынасын тұрғызылады. Бөлшектерді жасауда ылғи да нақты шешімдер жасап отыру қажет.

Жұмыс соңында автор алдына қойған мақсатын а жете алады ма, жоқ па соған дейін аудару керек.

Білімгер Кескіндеме көрінісі мен жасап ықты ма әлде, модельді фотографиялық көрініс пен жансыз сылбыр көшіріп шықты ма. Міне Кескіндеме өнері бөлшектеуде көптеген үйренуші суретшілерді, әсіресе, бөлшектеу кезеңінде, осылай шатастырады. Осы кезеңнен өткен білімгер дұрыс бейнені жасай алғаны.

Енді сабақ мақсатына жеткедігін тексеріп шығу артық болмас.

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып: Киімдегі адам тұлғасының күрделі жарықтық жағдайындағы және бұрылыстағы бейнесі. Майлы бояу тәсілі.

Мақсаты: Адам тұлғасының күрделі жарықтық қатынасындағы бейнесін дұрыс көрсете білу және күрделі бұрылыстағы қимыл-қозғалысын анықтау.

Тапсырма: Киімдегі адам тұлғасының күрделі қозғалыстағы пластикалық құрылымын айқындау арқылы киімдегі жарық-көлеңкелік қатынасын табу.

Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Қозғалыстағы адам тұлғасының құрастырмалы құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның пропорциялық және түстік шешімін майлы бояу тәсілі арқылы айқындау.

Қажетті құрал –жабдықтар: Қылқалам, кенеп, майлы бояу.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

1. Заттың локальды (өз түсті) түсі дегеніміз не?

2. Жарықтың түсуіне байланысты.Ю заттың локальды түсі қалай өзгереді?
3. Зат көлеңкесі жарық көзіне байланысты қалай өзгереді?
4. Рефлекс дегеніміз не, және ол қандай жағдайда пайда болады?

3.5 Адамның басын жазудағы қысқа мерзімді этюд

Ұзақ уақытты қажет етпеген бас этюдінің жұмысын алдына мақсат қойып салынған портреттің салыстыруға болмайды. Тез салынған этюдтерде түстік шешімдері өзгереді, форма пішіні жақсы өңделмейді. Мұндай этюдтерде түстік байлық пен гармонияны шығару қиын. Бұл көп уақытты алар еді, қысқа мерзімді этюдтер натураны жақсы беру ең негізгі болып табылады.

Кескіндеме этюдтерінің орындалуын мынандай кезеңдерге болуге болады: қойылымды таңдау, осы қойылымға керек тапсырмаларды анықтау; көруге әдемі болатын, ыңғайлы жерді таңдау, суретін салу; негізгі түстік қатынастарды табу. Этюдтердің соңында түстік гармонияның бірін-бірімен сәйкестігі.

Этюдтерді акварельмен, гуашпен және темперамен орындаған өте жақсы.

Этюдты акварельмен орындаудың алдында сурет карандашпен салынады. Көбінесе бұндай этюдті жарықтан қараңғыға қарай жүргізеді. Киімдерде ірі бүктемелердің негізгі формаларын ғана шығарады. Матаның оюы немесе суреті болатын болса, ең алдымен біркелкі бөліп шығып, сонымен оюын белгіледі.

Темпера кепкенде ағармайды, қайта сол күйін сақтап қалады. Мұнымен акварель техникасымен де, гуашь техникасымен де жазуға болады.

БАҚЫЛАУ сұрақтары:

12. Перспективаның атқаратын ролі қандай?
13. Көкжиек сызығы дегеніміз не?
14. Тұтас көру дегеніміз не?
15. Жылт дегеніміз не?
5. Арткы планды қалай беруге болады?

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып: Жартылай жалаңаш адам тұлғасының күрделі жарықтық жағдайындағы бейненің түстік шешімі.

Мақсаты: Жартылай жалаңаш адам тұлғасын жарықтық қатынасындағы бейнесін дұрыс көрсете білу, пластикалық құрылымын айқындау.

Тапсырма: Адам тұлғасының күрделі пластикалық құрылымын айқындау арқылы түстік қатынасын табу.

Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Адам тұлғасының құрастырмалы құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның пропорциялық, құрастыру және түстік қатынасын айқындау.

Қажетті құрал –жабдықтар: Қылқалам, кенеп, майлы бояу.

ТӘЖІРИБЕНІ ЖОҒАРЛАТУ ҮШІН ӨЗ БЕТІНШЕ ОРЫНДАЙТЫҢ ТАПСЫРМАЛАР

Тақырып№1. Ер адам басының этюды

Мақсаты: Теориялық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбиені жоғарлату.

Міндеті: компоновка жасау;
- басының түстегі гаммаларын салу;
-түсті бояулардың реңктерін көрсету
-аяқталған жұмысты тексеру;

Қолданылатын құрал-жабдықтар: А3 қағаз форматы,карындаш,өшіргіш,қылқаламдар,акварель бояулары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
М.Т.Ломоносов Графика и живопись уч.пособие-изд.АСТ-2012г.
Т.Тлеужанов Живопись, альбом «Jun xing Group»- Гонконг 2012г
А.С.Щипанов.Суретшілер мен мүсіншілерге..А-1989ж;
А.П.Яшухин.Живопись..М-1999г;
Л.М.Матюхина.Живопись и рисунок..М-1987г;
Г.В.Беда.Живопись..М-1999г;
Литвиненко.Учимся рисовать..М-2001г;

Тақырып№2. Әйел басының этюды
Мақсаты: Теориялық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжіребиені жоғарлату.

Міндеті:
-форматқа заттарды дұрыс орналастыру;
-жылы түстердің реңктерін көрсету;
-суреттің көлемін беру,түстердің нақтылығын көрсету;
-аяқталған жұмысты тексеру;

Қолданылатын құрал-жабдықтар: А3 қағаз форматы,карындаш,өшіргіш,қылқаламдар,акварель бояулары;

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:
- А.С. Щипанов.Суретшілер мен мүсіншілерге..А-1989ж;
- А.П. Яшухин.Живопись..М-1999г;
- Л.М. Матюхина.живопись и рисунок..М-1987г;
- Г.В. Беда.Живопись..М-1999г;
- Литвиненко.Учимся рисовать..М-2001г;

Тақырып№3. Адам тұлғасының қыска мерзімді этюдтері мен нобайлары

Мақсаты: Теориялық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбиені жоғарлату.
Міндеті:-форматда заттарды дұрыс орналастыру;

-суық түстердің реңктерін көрсету;
-суретің көлемін беру,түстердің нақтылығын көрсету;
-аяқталған жұмысты тексерту;

Қолданылатын құрал-жабдықтар: А3 қағаз форматы,карындаш,өшіргіш,қылқаламдар,акварель боялары.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- А.С.Щипанов.Суретшілер мен мүсіншілерге..А-1989ж;
- А.П.Яшухин.Живопись..М-1999г;
- Л.М. Матюхина.Живопись и рисунок..М-1987г;
- Г.В. Беда.Живопись..М-1999г;
- Литвиненко.Учимся рисовать..М-2001г;

Тақырып№4. Тақырыптық кескіндемедегі портрет. Мінездемелік және қимыл – қозғалыстық ерекшелікті көрсету.

Мақсаты: Теориялық білімді көтеру және мазмұны бойынша практикалық тәжірбиені жоғарлату.

Міндеті:-форматқа заттарды дұрыс орналастыру
-түстердің реңктерін, көлемін көрсету;
-түсті фондағы ақ түсті заттардың бояу реңктерін нақты көрсету;
-аяқталған жұмысты тексеру;

Қолданылатын құрал-жабдықтар: А3 қағаз форматы, карындаш, өшіргіш, қылқаламдар, акварель бояулар.

Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

- А.С. Щипанов. Суретшілер мен мүсіншілерге.. А-1989ж;
- А.П. Яшухин. Живопись.. М-1999г;
- Л.М. Матюхина. Живопись и рисунок.. М-1987г;
- Г.В. Беда. Жиопись.. М-1999г;
- Литвиненко. Учимся рисовать.. М-2001г

Тәжірибелік жұмыс

Тақырып №5 Жаланаш адам дене тұлғасының күрделі жарықтық жағдайындағы бейнесі.
Мақсаты: Жаланаш адам тұлғасын жарықтық қатынасындағы бейнесін дұрыс көрсете білу, пластикалық құрылымын айқындау.

Тапсырма: Адам тұлғасының күрделі пластикалық құрылымын айқындау арқылы түстік қатынасын табу.
Орындалу тәсілі:

1. Нұсқаны дұрыс орналастыру
2. Адам тұлғасының құрастырмалы құрылымын дұрыс орналастыру
3. Тұлғаның пропорциялық, құрастыру және түстік қатынасын айқындау.

Қажетті құрал –жабдықтар: А2 форматы, темпера, гуашь, қылқалам.

Ұсынылған әдебиеті:

- А.С. Щипанов. Суретшілер мен мүсіншілерге., А-1989ж;
- А.П. Яшухин. Живопись., М-1999г;
- Л.М. Матюхина. Живопись и рисунок., М-1987г;
- Г.В. Беда. Жиопись., М-1999г;
- Литвиненко. Учимся рисовать., М-2001г
- Арсенов Ю., Левидова М. Цвет и линия. – М.: Современный художник, 1976.
- Виппер Б.Р. Введение в историческое изучение искусства. – М.: Изобразительное искусство, 1985.
- Одноралов Н.В. Материалы, инструменты и оборудование в изобразитель-ном искусстве. – М., Просвещение, 1882.
- Шолохов Е.В. Композиция. – М.: Просвещение. 1986.
- Щеголхина А. К., Тимофеева П. Е. Рисунок. – М., Легкая индустрия, 1976.
- Даниэль С. М. Искусство видеть. О творческих способностях восприятия. О языке линий и красок и о восприятии зрителя. – Л.: Искусство, 1990.
- Шолохов Е.В. Композиция. – М.: Просвещение. 1986.

III ТАРАУҒА АРНАЛҒАН БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Портрет деген не?

2. Портреттен этюд қалай ажыратылады?
3. Кескіндемелық портрет жанрында жұмыстың бірізділігі қандай?
4. Кескіндемелық этюдте адамның бет әлпетін бейнелеуде түстер қалай өзгереді?
5. Спектрге нелер жатады? Жарықтың түсі неге байланысты?
6. Табиғатта кездесетін түстер қандай топтарға бөлінеді?
7. Ахроматикалық түстерге қандай түстер жатады?
8. Хроматикалық түстер мен ахроматикалық түстердің айырмашылығы неде?
9. Түстер айналымына қандай түстер кіреді?
10. Жылы түстер қандай қасиеттермен ерекшеленеді?
11. Суық түстердің қасиеті қандай?
12. Қандай түстер қосымша түс деп аталынады?
13. Акварель түстерімен жұмыс жасау ерекшеліктері.
14. Бейнелеу жазықтығында материалдық көлемін және құрылысын дұрыс беру.
15. Акварель Кескіндеме техникасы.
16. Жарық, көленке және түстік қатынастармен жұмыс жасау әдісінің заңдылықтары.
17. Заттың қалпын, кеңістіктегі оның пішіні мен әртүрлі ракурстағы орналасуын қандай сызықтың көмегімен беруге болады?
18. Ірі бөліктердің орналасуы дегеніміз не?
19. Жасанды жарықтану деген не?
20. Табиғи жарықтану деген не?
21. Жасанды жарықтану мен табиғи жарықтанудың айырмашылығы қандай?
22. Натюрморт құруға қандай заттар қолданылады?
23. Натюрморт жанры қашан пайда болды?
24. Натюрморттағы заттар қалай орналастырылады?
25. Түстер қатынасын анықтау барысында қандай мінездемелер?
26. Натюрмортпен жұмыс жасаудағы орындалу реті қандай?
27. Екінші кезеңде қандай жұмыс атқарылады?
28. Натюрморттағы кеңістікті және заттық көлемін қалай беруге болады?
29. Натюрмортты орындаудағы соңғы кезең немен аяқталады?
30. Натюрморт деген не?
31. Көкжиек сызығы Натюрмортта қалай пайдаланады?
32. Конструктивті құрылым деген не?
33. Натюрморт салғанда кезеңдік салуды қалай пайдаланады?
34. Түстік қатынас деген не? Колорит деген не?
35. Натюрморт салуда жекеден жалпыға көшу деген не?
36. Натюрморт сала отырып біз не үйренеміз?
37. Жазудың қандай түрлері белгілі?
38. Лессировканың Кескіндемелы тәсілі немен мінезделеді?
39. Қандай түстер негізгі деп аталынады?
40. Қандай түстер тіркеулі деп аталынады?

41.Акварельдің Кескіндемелы техникасының ерекшеліктері немен аяқталады?
42.Акварельді құрғақ жазу техникасы немен аяқталады?
43.Акварельді "алла прима" әдісі техникасымен жазу қалай ерекшеленеді?
44.Кескіндемеда колорит ұғымын қалай түсінесіңдер?
45.Заттың локальды (өз түсті) түсі дегеніміз не?
46.Жарықтың түсуіне байланысты,Ю заттың локальды түсі қалай өзгереді?
47.Зат көлеңкесі жарық көзіне байланысты қалай өзгереді?
48.Рефлекс дегеніміз не, және ол қандай жағдайда пайда болады?
49.Бейнелеу барысында план дегеніміз не?
50.Алдыңғы планды арткы планнан қалай ажыратуға болады?
51.Ауалық ортаға байланысты заттардың түстері қалай өзгереді?
52.Кескіндемеда суреттің алатын орны қандай?
53.Перспективаның аткаратын ролі қандай?
54.Көкжиек сызығы дегеніміз не?
55.Тұтас көру дегеніміз не?
56.Жылт дегеніміз не?
57.Арткы планды қалай беруге болады?
58.Композиция дегеніміз не?
59.Композициялық орталықты қалай табамыз?

ТҮСІНІКТЕМЕ СӨЗДІК

Кескіндеме дегеніміз – әр түрлі бояу түрлерімен жазықтық бетінде орындалатын көркем шығарма.

Кескіндеменің орысша атауы живопись – «живой писать» деген сөзінен алынған, яғни көріністер мен нәрселерді өмірдің өзіндігідей жанды етіп жазу деген мағынаны білдіреді.

Кескіндеме – бейнелеу өнерінің аса дамыған түрі болып табылады.

Кескіндеме суреттері қағазға, картонға, тақтайға, кенепке, т.б. салынады. Негізінен қолданылатын бояу түрлері: акварель, гуащь, темпера, майлы бояу, пастель, сангина және т.б.

Кескіндеме станокты және монументтік деп екіге бөлінеді. Арнаулы мольбертте орындалған сурет «станоктық Кескіндеме» деп аталады. Ал, үйлердің, гимараттардың ішкі немесе сырткы қабырғаларына салынған сурет «монументтік Кескіндеме» деп аталады.

Монументтік Кескіндемеда зертас пен фреска қолданылады.

Декорациялық кескіндеме дегеніміз – театр сахнасын безендіруде қолданылатын бейнелеу өнерінің түрі.

Суретші Ә.Жүсіпов «Менің Отанымның әйелдері» атты шығармасында тұлғалардың түстік құрылымын декорациялық кемеліне келтіріп бейнеленген. Ол декорациялық монументі туынды болып табылады.

Монументтік бейнелеу өнері туындылары әр түрлі болып келеді: витраж, мозайка, панно, фреска.

Мозайка – смальта мен асыл шынының түрлі-түсті тақырыпты таңдап алады. Біреулері портрет жазғандағы ұнатады, екіншілері пейзажды, үшіншілері тарихи, соғыс немесе тұрмыстық көріністерді бейнелеуге құштар. Бейнелеу өнерінің бұлай сипатталуы оның жанрларға бөлінуі деп аталады. «Жанр» - француз сөзі, «түр» немесе «тек» деген мағынаны білдіреді. Кескіндеме мынадай жанрларға бөлінеді: натюрморт, пейзаж, портрет, тақырыптық картина. Айтатын жайт, соңғы жанр көбінесе «жарлық картиналар» делінеді.

Натюрморт – француз сөзі, дәл мағынасы «өлі табиғат» деген ұғымды білдіреді. Натюрморт алғаш рет 17 ғасырдың басында Голландияда пайда болды. Натюрморт өнердің дербес жанры ретінде 18 ғасырда Батыста кеңінен дамыды. Әр ғасыр натюрморт шеберлерінің өзіндік қолтаңбасы бар. Натюрморт Ж-Б.С Шарден, П.Сезанн, М.Сарьян, А.Матисс, И.Машков, К.Коровин, А.Герасимов, т.б. көркем шығармаларында көрініс тапқан. Қазіргі Қазақстан суретшілерінің көркем шығармаларында да натюрморт жанрын жиі кездестіруге болады. Атап айтқанда, А.Ғалымбаева, Г.Ысмаилова, Т.Тоғысбаев, С.Айтбаев, Ш.Сариев, Н.Нұрлыбаева, т.б. еңбектерінен айқын байқай аламыз.

Пейзаж – француз сөзі, бұл ландшафты, табиғатты бейнелеу. Пейзаж дербес жанр ретінде Қытайда, Жапонияда және басқа шығыс елдерінде, сондай-ақ Еуропада дамыған.

Пейзаж қайсібір жерлерді жай ғана айнытпай бейнелей салу емес, онда суретшінің сыныктарын құрастарылған сурет. Русьте мозаика өнерін дамытуда В.Ломоносов смальтаның 112 реңін тапты.

Витраж – терезеге салынатын шытыра сурет. Ол француздың «терезе, әйнек» деген мағынадағы сөзінен шыққан.

Панно – үйдің ішкі және сыртқы қабырғасын безендіру үшін қолданылатын көлемді Кескіндемелық сурет.

Фреска - әктелген сыз қабырғаға суға езілген бояумен салынатын сурет. Кескіндеме шығармаларында қолданылатын майлы бояу негізінен (XX) 10 ғасырда пайда болды. Оны кеңінен пайдалану ағалы-інілі нидерланд суретшілері Ван Эйктердің атымен тығыз байланысты.

Олар майлы бояулардың жаңғақ майы мен зығыр майына жақсы еритінін анықтайды.

Миниатюра – ең алғаш шығыстың парсы, иран елдерінде жақсы дамыды. Ағашқа, металға, сүйектерге бояулармен салынған кішігірім суреттер миниатюра деп аталады. Әсем бояулардың жарасымды суретке жан бітіруі көздің жауын алады.

Миниатюра майлы бояу, акварель, гуащь бояуларымен орындалады, өте ұқыптылықты, еңбек сүгіштікті қажет етеді.

Кескіндеме - бейнелеу өнерінің ең негізгі түрлерінің бірі. Кескіндемеда оң мен түс, жарық пен көленке және сызық пен дақ жетекші орын алады.

Кескіндеме – бейнелеу өнерінің неғұрлым бай әрі кемел түрі, онда бейнелеудің сан алуан құралдары қолданылады. Суретшілер өнердің ұшы – қиырсыз осы саласына өздері сүйген сезімдері мен ойларын берудің үлкен мүмкіндіктері жатыр. Адам өмірімен салыстырып қарағанда табиғат өмірі мәңгілік сияқты болып көрінеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Беда Г.В. Основы изобразительной грамоты. Рисунок. Живопись. Композиция. Учебное пособие для студентов. ХГФ. – М.: Просвещение, 1981.
2. Одноралов Н.В. Материалы, инструменты и оборудование в изобразительном искусстве. – М., Просвещение, 1882.
3. Пучков А. С., Триселев А. В. Методика работы над натюрмортом. – М., Изобразительное искусство. 1982.
4. Ревякин П.П. Техника акварельной живописи. – М.: Строительство, архитектура и строительные материалы. 1959.
5. Смирнов Г. Б., Уиковский А.А. Рисунок и живопись пейзажа. – М., Просвещение, 1975.
6. Суздалев П. К. Основы понимания живописи. М.: Искусство, 1964.
7. Маслов Н. Я. Пленэр: Практика по изобразительному искусству. – М., 1984.
8. Терентьев А. Е. Изображение животных и птиц средствами рисунка и живописи. – М.: Искусство. 1980.
9. Алпатов М. В. Композиция живописи. – М.: Искусство,1940.
10. Алексеев С. С. О колорите. М.: изобразительное искусство, 1974.
11. Беда Г. В. Живопись. – М.: просвещение. 1986.
12. Беда Г. В. Живопись и ее изобразительные средства. – М.: Просвещение. 1977.
13. Волков Н. Н. Цвет в живописи. – М.: Искусство, 1965.
14. Волков Н.Н. Композиция в живописи. – М.: Искусство. 1977.
15. Гренберг Ю. И. Технология живописи. М.: Искусство, 1982.
16. Зайцев А. С. Наука о цвете и живопись. – М.: Искусство, 1986.
17. Ивенс Р. М. Введение в теорию цвета. М.: Мир. 1964.
18. Иогансон Б. В. Молодым художникам о живописи. М.: Ак. Худ. СССР, 1969.
19. Кантор А. М. Предмет и средства живописи. – М.: Сов. Худ., 1981.
20. Сланский Б. Техника живописи. Живописные материалы. М.: Акад. Худ. СССР, 1962.
21. Суздалев П. К. Основы понимания живописи. М.: Искусство,1964.
22. Юон К. Ф. О живописи. Л.: ИзоГИЗ, 1937.

Айткүл Рахимбаевна Тасмағамбетова

КЕСКІНДЕМЕ

Оқу құралы

Басуға 15.11.2019 жылы қол қойылды. Қағазы көшірмелік.
Қаріп түрі «Тайме». Пішімі 60х84/16. Басма табағы 6,25 бет.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №116.
«Ғұран-Астана» баспаханасында басылған.
Мекенжай: 010000, Нұр-Сұлтан қ., Ы.Дүкенұлы көшесі 29 үй.